

**ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ЛАТЫН ӘЛПБИІНДЕГІ  
ҚЫСҚАША АНЫҚТАМАЛЫҒЫ ПРОСПЕКТІСІ**  
(аналитика, анықтамалық)

**Прспект краткого справочника ономастических назаний на основе  
латиницы (аналитика, справочник)**

Жұмысшы  
**Қ.Рысберген**

топтың

жауапты

жетекшісі

## МАЗМҰНЫ

<b>I ТАЛДАМАЛЫ АНЫҚТАМА</b> .....	5
<b>Алғы сөз</b> .....	5
<b>1-бөлім.</b> Қазақ тілінің латын графикасына көшудің жалпы-теориялық мәселелері. Латын қарпіне көшуде ағылшын әліпбиі үлгі ме? (Н.Рсалиева).....	8
<b>2-бөлім.</b> Қазақ топонимдерін латын графикасында транслитерациялау мәселесі (Қ.Рысбергген, Б.Бияров).....	19
<b>3-бөлім.</b> Қазақ кісі есімдерін латын графикасы негізінде транслитерациялаудың мәселелері (Б.Әбдуәлиұлы).....	23
<b>4-бөлім.</b> Орыс тіліндегі онимдердің транслитерациясындағы қиындықтар (кіріспе Қ.Рысбергген, негізгі бөлім Г.Мадиева).....	31
4.1 Орыс тіліндегі жалқы есімдердің қазақ латын әліпбиі негізінде транслитерациясы (Г.Мадиева).....	32
4.1.1. Топонимдер.....	35
4.1.2. Антропонимдер.....	40
<b>5-бөлім.</b> Шетел онимдерінің жаңа қазақ латын әліпбиі негізінде транслитерациялау мәселелері.....	44
5.1. Әлем мемлекеттері астана атауларының қазақ тілінің латын әліпбиінде транслитерациялау ерекшеліктері (Н.Оңғарбай)...	45
5.2. Прецеденттік есімдер (әлем мәдениетіндегі танымал тұлғалар есімдерінің транслитерациялау мәселесі (А.Серікбаева).....	53
5.3 Латын әліпбиіндегі эргонимдік атауларды (компания, фирма, сауда кешендері, мекеме т.б. атаулары) транслитерациялау проблемасы (А.Серікбаева).....	59
<b>Қорытынды</b> .....	63
<b>II ҚЫСҚАША ОНОМАСТИКАЛЫҚ СӨЗДІК</b> (проспект).....	64
1. Қазақ тіліндегі топонимдердің кирил-латын графикасындағы салғастырмалы-жиілік көрсеткіші.....	65
2. Қазақстан жер-су, елді мекен атауларының құрамындағы графема сандарының салыстырмалы-жиілік көрсеткіші.....	91
2-бөлім. Қазақ кісі есімдері (Б. Әбдуәлиұлы).....	111
3. Орыс тіліндегі топонимдер мен антропонимдердің кирил-латын негізді салғастырмалы–статистикалық талдамасы, сөздік.....	122
4. Экзонимдердің (шетел мемлекет, астана, әлем мәдениетіндегі танымал тұлғалар аттары, Қазақстандағы компания, мекеме, т.б атаулары) кирил және жаңа латын әліпбиі және халықаралық стандарт нұсқаларды салғастырмалы қысқа	124

### Жоба орындаушылары

№	Жоба орындаушыларының аты-жөні	Қызметі, ғылыми дәрежесі, лауазымы	Негізгі жұмыс орны
1	Т.Жанұзақов	БҒҚ ф.ғ.д., проф.	ТБИ, профессор
2	Қ.Рысберген	БҒҚ ф.ғ.д., доцент	ТБИ, доцент, ономастика бөлімінің меңгерушісі
3	Г.Мадиева	БҒҚ ф.ғ.д., проф.	ҚазМУ, профессор
4	Б.Әбдуәлиұлы	БҒҚ ф.ғ.д., проф.	ЕМУ, кафедра меңгерушісі
5	Н.Оңғарбай	ЖҒҚ ф.ғ.к.	ТБИ
6	Б.Бияров	АҒҚ ф.ғ.д., проф.	СДУ, профессор
7	Н.Рсалиева	АҒҚ ф.ғ.к., ассоц.проф.	Шығыс Қазақстан университеті, доцент
8	А.Серікбаева	КҒҚ, PhD	ТБИ
9	З.Садырбаева	КҒҚ	ТБИ
10	Н.Бармешова	КҒҚ	ТБИ
11	Ж.Турғынбаева	КҒҚ	ТБИ

### Жоба орындаушыларының жеке міндеттері

1. Т.Жанұзақ	Қазақстан жер-су, елді мекен атаулары, кісі аттарының латын графикасы негізінде әзірленген қысқаша Сөздігіне сараптамалық, редакторлық жұмыс жүргізу, жалпы аналитикалық шолу жасау, проблемалық тұстарын айқындау, шешу жолдарын болжау.
2. Қ.Рысберген	Ономастикалық анықтама мәтінін құрастыру, алғысөзін жазу, әр бөлімнің кіріпесін жазу. Ономастика салалары бойынша (топонимия, антропонимия, экзонимия, эргонимия, бренд атаулар) атауларды апострофтық әліпби негізінде транслитерациялау, шет ел мемлекеттері мен астаналарының аттарын саралап, қазақ тілінде жаңа әліпби негізінде таңбалау мәселелерін мына жолдармен айқындау: түпнұсқа күйде сақтау, толық немесе жартылай калькасын әзірлеу, түйіткілді атауларды іріктеп, мамандар, сарапшылар талқысына салу, жалпы аналитикалық анықтама. Кирил қарпімен және апостроф қарпімен берілген онимдердің бір сөз бойындағы жиілік статистикасы (таңба санын) көрсету, салыстыру. Жұмыс барымын қадағалау.
3. Б.Әбдуәлиұлы	Қазақ кісі аттарының кирил-латын салғастырмалы орфоргаммаларын әзірлеу, аналитикалық анықтама әзірлеу, қысқаша сөздік дайындау.
4. Г.Мадиева	Орыс тіліндегі жалқы атаулар сөздігін әзірлеу, статистикалық көрсеткіштерді, аналитикалық анықтаманы дайындау.

5. Н.Оңғарбай	Экзонимдер бойынша (шетел мемлекет атаулары, топонимдер сөздігі) орфогаммаларын әзірлеу, қысқаша талдау жасау.
6. Н. Рсалиева	Экзонимдер бойынша (қазақ тіліндегі, ағылшын тіліндегі ономастикалық атаулардың транслитерациясына сыни талдама жасау.
7. Б.Бияров	Топонимия бойынша орфогаммалар әзірлеу, аналитикалық анықтама, қысқаша сөздік әзірлеу, таңба, апострофты қолдану жиілігінің статистикалық көрсеткіштерін әзірлеу.
8. Н.Бармешова	Қазақстан әкімшілік-аумақтық, елді мекен атаулары, көл, өзен, тау аттары мен қазақ кісі есімдерінің түрлі салыстырмалы орфогаммаларын әзірлеу, сөздік мәтінін құрастыру, реттестіру.
9. А.Серікбаева	Экзонимдердің (прецеденттік әлемдік танымал тұлғалардың есімдерінің, латын графикасында қолданылып жүрген қазақстандық фирма, коммерциялық нысан атауларына, шетелдік брендтік атаулардың) қысқаша сөздігін әзірлеу, талдау жүргізу.
10.Ж.Тургинбаева	Қазақстан топонимдерінің түрлі латын әліпби жобасы нұсқалары негізінде орфогаммаларын әзірлеу, қысқаша ономастикалық сөздікке материал әзірлеу.
11. З.Садырбаева	Қазақ. Орыс тілдеріндегі топоним, антропонимдердің орфогаммаларын әзірлеу, қысқаша сөздікке материал әзірлеу, түрлі таблицаларға салу, реттестіру жұмыстары.
<b>НӘТИЖЕ</b>	<b>110 бет қысқаша ономастикалық сөздік пен 65 бет талдамалы (аналитикалық) анықтама әзірленеді.</b>

## ҒЫЛЫМИ ТАЛДАМА

### Алғысөз

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани сананы жаңғырту» атты мақаласында қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу қажеттілігі жөнінде алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынып, соның алғашқысы латын әліпбиіне қатысты қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек». Бұл мәселеге дайындықпен келгенімізді айтып: «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс», - деген міндеттерді жүктеді. Ағымдағы жылдың 9 қазанында Елбасының бұйрығымен соңғы апостроф таңбалы әліпби қабылданды. Ендігі жерде тіл білімінің барлық саласы мамандары осыған орай жаңа әліпбидің әр түрлі параметрдегі жан-жақты сынама жұмыстарына кірісті. Ономастика саласындағы латын әліпбиіне көшудің дайындық жұмыстары бірқатар өзіндік сипатқа ие. Бұл бағыттағы жұмыстар тілдік материалды жүйелеуден басталады. Ең алдымен Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі барлық әкімшілік-аумақтық құрылым атаулардың (қазақша-орысша), елді мекен, жер-су атауларды, ұлты қазақ кісі есімдерін, өзге ұлт, яғни орыстілді антропонимдер, эргонимдік атаулардың, әлемдік танымал тұлғаларды аты-жөндерін жаңа әліпбиде транслитерациялануы және жиі қолданылатын кейбір шетелдік топонимдік атаулардың таңбалану принциптерін айқындау мақсаттары қойылды. Осыған байланысты аталған салаларды қамтитын ықшамдалған ономастикалық анықтамалық әзірленді. Бұл анықтамалық апробациялық сипаттағы проспект ретінде ұсынылып отыр. Анықтамалық шеңберінде мынадай басты мақсат-міндеттер белгіленді:

1. Қазақстандағы жер-су, елді мекен атауларының апостроф негізді латын әліпбиі негізіндегі жазылу үлгісі кирил әліпбиіндегі жазуымен салғастыстыру, таңбалану үлгісін дайындау үшін қатар беріледі.

2. Ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндерінің апостроф негізді латын әліпбиінде және кирил графикасындағы жазылу үлгілері салғастыстыру мақсатта қатар беріледі. Латын әліпбиі негізіндегі жазу үлгісін қалыптастыру, келешекте орфографиялық ережелерді жасауға негіз әзірлеу.

3. Қазақстанның орыс тіліндегі топонимдері мен орысша аты-жөндердің апостроф әліпбиіндегі салғастыстырмалы транслитерациясы жасалды. Себебі келешекте қазақ тіліндегі түрлі мәтіндерде орыс ономастикалық атаулары міндетті түрде кездеседі, мысалы, барлық баспасөз беттерінде (газет, журнал), оқулықтар, ресми іс-қағаздарда апостроф жазуымен берілетіндіктен алдын-ала сынама зерттеу қажет.

4. Әлемдегі танымал мемлекеттердің аты мен астана, халықаралық әуежай атаулары, құрлық, мұхит, ірі жер-су атауларын кирил, апостроф негізді қазақ жазуы және осы атаулардың халықаралық айналымдағы стандарттарының салғастыстырмалы кестесі жасалды. Соның негізінде жаңа қазақ жазуы мен халықаралық стандарт арасындағы ұқсастық пен алшақтық айқындалады. Келешекте апостроф жазумен транслитерацияланатын, қазақшаға аударылуы тиіс, жартылай аударылуы тиіс, өзгеріссіз түпнұсқа жазуға сай нұсқасын қалдыру, қалдырмау мәселелері айқындалады. Өзге түркітілдес елдердің әліпбиінде қалай таңбаланады деген мәселенің шешу жолдарын қарастыру, мысалы Франция және осы сынды көптеген шетел мемлекет атаулары қазақ тіліне орыс тілінен енген, халықаралық айналымда France нұсқасында танымал, ал түркі тілінде Franca деп жазылады екен. Тіліміздің табиғатына қайсы нұсқасы жақын, қолайлы, соны шешуіміз керек. Болашақ зерттеулерде 20 ғасыр басындағы қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, т.б. еңбектеріндегі көптеген сөздер мен ономастикалық атаулардың қолданысын салғастыру жұмыстарын қолға алу керек, тиімдісін, тіліміздің табиғатына жақынын қабылдау керек.

5. Әлемге танымал кейбір тарихи тұлғалар, мәдениет, өнер, саясат қайраткерлерінің кирилше, қазақша, ағылшынша жазылуы салыстырыла зерттеледі. Нәтижесінде қандай да бір жазылу нұсқасының тиімділігі туралы ұсыныс - рекомендация беріледі.

6. Мегапостердің ономастикалық кеңістігіндегі латынша жазылып жүрген эргонимдер, яғни мекеме, коммерциялық құрылым, сауда кешендері, фирма, клуб т.б. атаулары жаңа қазақ әліпбиі негізіндегі транслитерациялық үлгісі ұсынылады, мысалы, банк атаулары-брендтердің жазу үлгісін қалыптастыру немесе өзгеріссіз қалдыру туралы ұсыныс әзірленеді.

7. Антропоним, топонимдердің жаңа латын әліпбиіндегі транслитерациялық үлгісіндегі апострофтардың қолдану жиілігін айқындау, статистикалық талдау жүргізіледі, мәселен, апострофсыз атаулар, бір апострофты, екі апострофты, үш апострофты, төрт және одан апострофты атаулардың қолдануының нақты жиілігі айқындалады.

Қазақ жазуы латын әліпбиіне көшер алдында, ұлттық ономастикадағы қазіргі жағдай қандай қалыпта дейтінге келсек, қазақ атаулары ағылшын тілді халықаралық ақпарат көздерінде, латын графикасындағы көздерде бұрмаланып, ешбір емле-ережесіз екі-үш, одан да көп нұсқада қолданылып жүр, яғни атаулардың ұлттық түпнегіз нұсқасы ескерусіз қалып келеді. Бұл мәселеге орай Біріккен Ұлттар

Ұйымының Стандартау Комиссиясының құжаттарында: „халықаралық стандарттауға тек қатаң ұлттық стандарттау бағдарламалары арқылы қол жеткізуге болады“ делінген. Бұл жағдай тіліміз латын әліпбиіне көшкеннен кейін өзінің оң шешімін табар деп үміттенеміз.

Мәселен, БҰҰ жанындағы Географиялық атаулар комиссиясының сарапшылар тобының пайымдауынша, ұлттық атауларды латын графикасымен жазудың ең құнды тұсы транскрипциялардың қайтарымды (обратимый) болуы, яғни қандай да бір атаудың кері транскрипциялағанда (кері латыншалау) ұлттық тілдегі түпнұсқа жазуының сақталуы. Ал қазіргі қолданыстағы қазақ әліпбиін латынша транслитерациялау стандарты қайтарымды емес, негізінен орыс тілінің әліпбиіне негізделген, яғни төл дыбыстарымыз ескерілмейді. Өйткені қазіргі қолданыстағы латыннегізді әліпбиде 9 төл дыбыстарымыз *ә, ө, і, ұ, ү, ы, ң, қ, з*, не графема, не фонема деңгейінде көрініс таппай отыр.

Алайда, бұған қарамастан, осы уақытта латын графикасы қазіргі Қазақстанның әлеуметтік мәдени кеңістігінде, жер-су аттарымызда, антропонимдік жүйеде, бұған қоса ресми құжаттарда, халықтың төлқұжаттарында белсенді түрде қолданылуда және еліміздің топонимдерін жазуда, азаматтарымыздың төлқұжаттарын, жеке куәліктерін толтыру кезінде қателер жіберілуі жалғасуда және бұл үдерісті тоқтату да мүмкін емес. Демек, лингвист ғалымдардың міндеті қабылданған латын әліпбиінің, қазақ әліпбиінің ұлттық ерекшеліктерін барынша көрсететін қазақ сөзінің, жалқы есімдердің стандарттау жобаларын жасауы, ұсынуы керек.

Сондықтан, бұл жобаны қазақ жазуының кирил әліпбиінен латын әліпбиіне көшуінің ғылыми базасын жасауға дайындық деп есептеуге болады.

***Ғылыми-техникалық жұмыс нәтижесінің қысқаша сипаты.*** Жұмыс тобы ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап ғылыми талдау жұмыстарына қажет түрлі көздердегі (ономастикалық анықтағыштар, сөздіктер т.б.) фактологиялық-базалық материал жинақтауға кірісті. Жұмыстың техникалық кезеңіне тілдік материалды жүйелеп, ономастикалық кластарға жіктеу, топтастыру іске асырылды. 11 қыркүйекте көпшілікке ұсынылған латын графикасының алғашқы диграфтық нұсқасында Қазақстан Республикасы географиялық атаулары, елді мекен атаулары мен кісі есімдерінің орфограммалары, яғни сынама нұсқасы әзірленді. Ағымдағы жылдың 9 қазанында Үкімет отырысында Латын әліпбиіне көшу жөніндегі Мемлекеттік комиссия ұсынған латын графикасының апострофтық нұсқасы негізінде жинақталған материалдың кирил-латын графикасындағы салғастырмалы орфограммалары әзірленді.

Ауқымды ғылыми-техникалық жұмыс нәтижесінде, **астам бет** аналитикалық зерттеуге негіз болған лексикографиялық материал жинақталып, жүйеленді. Ономастикалық атаулардың жеке салалары бойынша ұсынылған диграфтық және апострофтық латын әліпби жобалары негізінде атауларда сынама орфограммалар көрсетілген.

Орындаушылардың саралаған барлық материалдары арнайы жеке файлдарға жинақталған, дискіде жазылған.

Аталмыш Сөздік проспектісінде ономастиканың көрсетілген салаларына қатысты қысқаша ғана, шамамен 3,5,10,15 беттен материал берілді, яғни ономастикалық атаулардың жаңа латын графикасы негізіндегі қазақша жазу үлгісі ұсынылды.

Ұсынылып отырған қысқаша ономастикалық Сөздік проспектісі екі негізгі бөлімнен құралған. 1. Ғылыми-аналитикалық бөлімде талдаулар, сыни пікірлер мен тұжырымдар айтылған, ұсыныстар келтірілген. Көлемі 60 бет. 2. Сөздік бөлімінде талданған тілдік материалдың көрнекілік үшін өте ықшамдалған үлгілері, үзіктері (фрагменттері) берілген. Тілдік материалдар жұмыс мазмұнында көрсетілгендей жеке блоктарға, бөлім, топтарға жіктелген. Көлемі 80 бет. Жалпы проспект көлемі 150 бет.

### **1-бөлім. Қазақ тілінің латын графикасына көшудің жалпытеориялық мәселелері**

**Латын қарпіне көшуде ағылшын әліпбиі үлгі ме? (соңғы талданған 2 латын жобасы жөнінде)**

Қандай тіл болмасын, оның жазу-сызуында, орфографиясында шешілмеген сұрақтардың қатар өмір сүріп отыруы заңдылық, өйткені тіл бір орында семіп тұрмайды, әрдайым өзге тілдермен қарым-қатынаста қоғам өмірімен бірге өсіп, дамып отырады. Сол себепті тіл мәселесі қай елде болмасын, ауық-ауық күн тәртібіне қойылып отырады.

Әліпбиін латын қарпіне көшіру – қазақ тілінің уақыт талабынан туындап отырған тағы бір өзекті мәселесі. Жазу реформасы іске асырылатын болса, онымен бірге қазіргі әліпбидегі әріптер саны да біршама тәртіпке келтіріледі деп күтілуде. Осындай мүмкіндікті қалт жібермей, жазудың қандай принципін ұстанатынымызды да айқындап алуымыз керек тәрізді. Қазіргі қазақ жазуы (басқа да принциптері бар болғанмен) негізінен фонематикалық принципке негізделіп қалыптасқан, яғни <қазағыстан> деп айтқанмен, *Қазақстан* деп фонеманы сақтап жазамыз. Ал фонетикалық принципке жүгінсек, *Қазағыстан, дөңгөлөк үстөл* деп жазуымызға тура келеді. Фонематикалық принципке негізделген жазуда әліпбиді рационалды, яғни тілдегі фонема саны мен әріп санын тең (немесе шамалас) келетін етіп жасаудың мүмкіндігі молая түсетін тәрізді. Ал осындай фонемасы мен әріп саны бір-біріне жақын келетін тілдерде сауат ашу балаға қиындық келтірмей, мейлінше аз уақыт алатыны белгілі болып отыр.

Қазақтың әліпби реформасына тілшілер де, басқа мамандық иелері де белсенді араласып, өз нұсқаларын ұсынды. Біздің бұл зерттеуіміздің мақсаты латын қарпіне көшуге қатысты әліпби жобаларына талдау жасау емес, біз бар болғаны кейбір экономикалық тұрғыдан тиімді деп ұсынылып жүрген, қазақ жазуын тек ағылшын тілінің 26 әрпімен ғана



ауыстырып шығу мүмкіндігін қарастырушы жобаларға өз тарапымыздан (ағылшын тілінің маманы ретінде) жауап іздеуді міндет санадық.

Қазақ тілі ағылшын тілімен және көптеген өзге тілдермен, оның ішінде өзі тектес (орыс тілі тәрізді) жазуы негізінен фонематикалық принципке негізделген тілдермен де салыстыра қарағанда әріпке дыбысы толығымен сәйкес келетін тіл болып есептеледі. Оған бірден бір дәлел, бүгінгі қолданыстағы жазумен өзге тілдердің сөздерін транскрипциялау мүмкіндігінің жоғары екендігі, әріпке-әріп бере алу мүмкіндігінің бар екендігі. Ал жазу мен айтылымның алшақтығынан ағылшындар мен американдықтар, сондай-ақ барлық ағылшын тілділер өзге тіл тұрмақ, өз тілінде көріп тұрған (бейтаныс) сөзді оқи алмайды, естіп тұрған сөзін жаза алмайды. Бұл тұжырым күнделікті тұрмыс-тіршілікте жиі кездесетін сөздерден өзге әсіресе терминдер мен ономастиконға келгенде ерекше күшіне енеді. Өзге тілдің онимдерін айтпай-ақ қойғанда, адамға өз тілінде күнделікті тұрмыс-тіршілік лексикасынан басқа қаншама жаңа термин, қаншама ономастикалық атау кездеседі. Ағылшын тілділер мұндай сөздерді жазу мен оқудың қиындығынан *spell* (әріптеп айт (-ыңыз)), *spelling* (жазылуы), *transcription* (оқылуы), *pronunciation* (айтылуы) деген терминдерді қолдану арқылы шығады. АҚШ-тағы айтылуы [SaI'xn] деген, не болмаса Ұлыбританиядағы айтылуы ['kezIk] деген қалалардың атын көлік жүргізуші «*Could you please spell*» деп, олардың жазылуы *Cheyenne*, *Keswick* екендігін әріптеп жазып алмаса, айтылуы бойынша неше күн іздесе де таба алмауы мүмкін. Сол себепті *spelling*, *transcription*, *pronunciation* сияқты терминдер күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын болғандықтан, бұл лексемалардың мағыналары да ағылшын тілділерге кеңінен танымал. Ал ұлты қазақ кісі жер-су атын қағазға жазып алса, ол бірден сөздің айтылуын да, жазылуын да жазып алады және ол жер-су атын жаңылмай табу үшін емес, бір ғана мақсатта, ұмытып қалмас үшін жазады. Сондықтан қазақ тіліндегі әріптер мен дыбыстардың толықтай сәйкестігі салдарынан оқу үдерісі және тіл біліміндегі қолданысы аясынан тыс жағдайда кез келген ұлты қазақ кісінің аса қарапайым *әріп* пен *дыбыс* ұғымдарын айыра алмауы ғажап емес. Ал жазу мен оқуға қатысты жоғарыда аталған терминдер көптеген дыбыстық жазулы тілдерге ортақ құбылыс (О.В. Афанасьева и др.: *элементарные универсалии* [1, с. 40]) болғанымен, олардың әр тілдегі қолданыс аясы әр түрлі деңгейде қалыптасатындықтан, бұлай болуы – заңдылық.

Осының салдарынан кейбір «Қазақ тілі» әдебиет көздерінде де әріп пен дыбысқа жазба тілдегі және ауызша тілдегі бір-бірінің нақпа-нақ баламасы тәрізді түсінік беру кездеседі. Мәселен, «Қазақ тілі» деп аталатын бүгінгі ЖОО-дарына түсушілерге арналып шығып жатқан бір оқулық-тесте: «Сөйлеу тілінде дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, естілетін тілдік құбылысты *дыбыс* дейді. Дыбыс – сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтады және естиді», «Дыбысты таңбалау үшін алынған белгіні *әріп* дейді. Яғни әріп – дыбыстың жазбаша таңбасы. Әріпті жазады және көреді» деп түсіндіреді [2]. Мұның жалпы дыбыстық жазуға

негізделген тілдердің әрпі мен дыбысы (фонемасы) үшін тіл білімінде берілетін әдеттегі дефинициядан алшақ жатқаны көрінеді. Дегенмен, аталған оқулық-тесттегі (аудиториясының жас ерекшелігінің ескерілмегендігі болмаса) әріп пен дыбысқа берілген анықтаманы қазақ тілі үшін қате деп бағалай алмаймыз, себебі осындай қарабайыр анықтаманың өзі (арнайы зерттеу нысанына алынбаған жағдайда) тілдің қажетін өтеп тұр деген сөз. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: Дыбыстық жазуға негізделген тілдердің өзінде абсолютті универсалия саналатын *әріп*, *дыбыс* тәрізді ұғымдар жөніндегі түсініктердің әркелкі қалыптасуы тіл-тілде бұл екі ұғымның бір-біріне қаншалықты алыс-жақын арақатынасына байланысты түзіледі. Бұл ұғымдардың арақатынасы олардың тіл-тілде қолданылу аясын да айқындайды.

Осыған орай, тәжірибемізден белгілі, қазақ (және орыс) аудиториясында ағылшын тілін оқыту үдерісін, ең алдымен, үйренушілерге аса қарапайым екі ұғымның – *дыбыс* пен *әріптің* аражігін ашып беруден бастауға тура келеді.

Ағылшын тіліндегі әріп, фонема, графема арасындағы күрделі орфографиялық жүйе оның онимдеріне келгенде мәселені ушықтыра үседі. 26 әріптен құралған әліпбиі өзге тілдердің атаулары тұрмақ өз тілінің онимдерін жазуда мүлдем икемсіз. Ағылшын тіліндегі көптеген географиялық атауларды фонетикалық транскрипцияның көмегінсіз дұрыс оқу да мүмкін емес. Мәселен, мына төмендегі атауларды қалай оқысаңыз да дұрыс болып шықпайды, дұрыс оқуды тек транскрипциясынан білуге болады: Мысалы, Британ аралдарындағы *Middlesbrough* [ˈmɪdlzbrɔː] қаласының аты 13 әріптен құралып, 8 дыбыс беріп тұрса, кейбір *Shrewsbury* [ˈʃrɔːzbuəri] (GA айтылуында [ˈʃroʊzberi]), *Lough Neagh* [lɒˈneɪ] сияқты топонимдердің, сондай-ақ, *Wriothesley* [ˈraɪtʃli], *Keswick* [ˈkezɪk], *Cholmondeley* [ˈtʃɒlmɒndli] сияқты антропонимдердің тіпті транскрипциясындағы дыбыстардың графикада қандай негізге сүйенетінін біліп болу мүмкін емес. Мұндай мысалдарды есепсіз келтіре беруге болады, *A.S. Hornby*-дің 2005ж. шыққан *Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English* сөздігінен [3, p. R85-R89] және *V.F. Satinova*-ның 2000 ж. шыққан «*Read and Speak about Britain and the British*» атты кітабынан [4, p. 224] тізімді соза түселік:

Caernarvon	[kɹ'nRvɔn]
Caerphilly	[kɹ'fɪɪ], [kq'fɪɪ]
Calne	[kɹn]
Edinburgh	['edɪnbɔrɔː], ['ednbɔrɔː], ['edɪnbArɔː]
Derby	['dɹbɪ], ['dɛ:bɪ]
Durham	['dArɔm]
Dyfed	['dAvɪd]
Haworth	['hLɔT]
Peterborough	['pɪtɔbrɔː]

Мысалға алынған топонимдердің көбінде таңба мен фонема сәйкессіздігі деңгейінің тым жоғарылығы салдарынан, қандай да бір

фонеманы графикада қандай графемалардың таңбалап тұрғанын анықтау, яғни олардың аражігін айырып, «шекарасын демаркациялау» да оңайға түспейді. Содан болуы керек, ағылшын тілділер жазудағы қай графеманы қалай дыбыстау керек екінін білмей, нәтижесінде айтылымның бірнеше нұсқасын қалыптастырған. Бұған көз жеткізу үшін келтірілген атауларды *J. C. Wells*-тың *Longman Pronunciation Dictionary* (LPD) деп аталатын 2003 ж. шыққан айтылым сөздігінен [5] қайта қараймыз:

Caernarfon, Caernarvon	[kR'nRvqn],    [kRr'nRrvqn], <i>Welsh</i> – [kqi'narvon]
Caerphilly	[kq'flli], [keq'flli], [kR'flli],    [kRr'flli]
Calne	[kRn], § [kRln], § [kPln]
Derby	(i) ['dRbi], ['dRrbi], (ii) ['dE:bi],    ['dE:rbi]
Durham	['dArqm],    ['dE:rqm]
Dyfed	['dAvId], ['dAVed] ['dAvqd], <i>Welsh</i> – ['dqved] қала атымен таныс еместер тілінде – ['dIfvqd]
Edinburgh	['edInbqrg], ['ednbqrg], ['edInbArq] → ['edImbqrg], ['edqnbqrg] § ['edIn"bArq]    ['edIn"bWrq], ['edIn"bWroV] <i>Texas</i> штатындағы <i>Edinburgh</i> қаласы жергілікті тілде – ['edqnbq:rg]
Haworth	['haVqT] ['hLqT]    ['hLwqrT], ['hRwqrT]
Middlesbrough	[ˈmidlzbrq] [ˈmid(q)lzbrq]
Peterboro, Peterborough	['pJtqbqrg] ['pJtq"bArq]    ['pJt(q)r"bE:roV]
Shrewsbury	(i) [ˈSrɔVzbqri],    [ˈSroVz"beri], (ii) [ˈSrHzberi]

Сөздікте қолданылған шартты таңбалардың мағынасы:

§ – мүмкін болатын нұсқа

|| – GA, жалпыамерикандық айтылым нұсқасы

(i) – британ, (ii) – американдық; (i), (ii) – BE және GA нұсқасында бірдей

→ – дыбыстық қоршауға тәуелділіктен пайда болатын айтылым нұсқасы

Сондай-ақ, LPD сөздігі қанық бояумен жазылған нұсқаларды ағылшын тілін шетел тілі ретінде (EFL) үйренушілерге ұсынылатын нұсқа деп көрсетеді. Дегенмен, *Middlesbrough* қаласының (тіл үйренушілерге арналған) алдыңғы әдебиет көздерінде ұсынылған нұсқасы [ˈmidlzbrq] мен LPD айтылым нұсқасын [ˈmid(q)lzbrq] бір деп қабылдауға болады, ал *Haworth* қаласының алдыңғы әдебиет көздерінде берілген нұсқасы ['hLqT] пен LPD-дің EFL тіл үйренушілер үшін ұсынған, яғни негізгі айтылым нұсқалары ['haVqT] (|| ['hLwqrT]) әркелкі. Бұдан шығатын қорытынды, ағылшын тілінің сөздіктері, оқулықтары (GA-ді қоспағанның өзінде) кейде ең дұрыс деп танылатын айтылым нұсқасын көрсетуде де бірізділік таба алмайды.

LPD сөздігінен бұл атаулардың айтылым нұсқаларымен қатар кейбірінің (*Caernarfon – Caernarvon, Peterboro – Peterborough*) орфограммаларының (графикалық нұсқалары) да бар екені тіркелді. Айта кетерлік тағы бір жайт, сөздікте айтылым нормасы тұрақты бір нұсқада қалыптасқан лексемалар жиі ұшыраспайды, шамамен жалпы санның 5-6 пайызын ғана құрайды. Мынадай мысалдарды да көрсете кету маңызды деп ойлаймыз:

Celt (*i*) [kelt]

(*ii*) [selt]

Celts (*i*) [kelts], (*ii*) [selts] – In England and Wales usually (*i*), In Scotland (*ii*)

Celtic (*i*) [ˈkelt Ik], (*ii*) [ˈselt Ik] – The sea is (*i*), the football, baseball, basketball teams are (*ii*), the languages are usually (*i*).

Ұлыбританияның өз ішінде әркелкілігі өз алдына, теңіздің аты (*i*), футбол, бейсбол, баскетбол командаларының аты (*ii*), тілдердің аты әдетте (*i*) нұсқасында деп көрсетіледі.

Бір сөздің өзін қай кезде <келтик> деп, қай кезде <селтик> деп айтуды жаттау – осы тектес жағдайлардың бір мысалы ғана. Мұндай жағдаят тіл үйренушіні ғана емес, үйретушіні де тығырыққа тірейді, ол әдетте өзінің оқып үйренген, яғни жадында сақталған айтылымы бойынша осы нұсқалардың бірінде үйретеді, «өзінің» нұсқасынан өзге нұсқаны (білместікпен) «қате» деп танып, түзетіп отырады. Нәтижесінде оның «қате» деп танығаны тілдің өзге әдеби нұсқаларында «қате емес» екендігі белгілі болып отыр. Сондықтан, мұндай қолайсыздыққа тап болмас үшін ағылшын тілін оқытушы білікті маман айтылым нұсқалары көрсетілген LPD тәрізді сөздіктермен мейлінше қаруланған болуы керек, олай болмаса, өзі де, шәкірті де жоғары талаптар деңгейінен көріне алмайды.

«Ағылшын тілінің 44 фонемасы 205 түрлі графемамен беріледі» деп көрсетеді SSS (Simplified Spelling Society) мүшесі Маша Белл [10]. Бірақ бұл көрсеткіштің де қаншалықты дәл екенін анықтау оңай емес, себебі жазылған сөзді графемаларға бөлудің өзі кісінің басын қатыратын жағдайлар да жетіп артылады. Оған қоса, тек қана сөздің өзіне арналған жазу емлесі бар лексемалардың саны қаншама. Сол себепті, **ағылшын тілділердің өздері тілдегі әр сөзді жеке дара жаттап алып жазуға мәжбүр.** «“Spelling Bee” деп аталатын тіл өкілдерінің арасында сөздерді дұрыс жазудан үлкен дода түрі өтіп тұрады» [3, p. 1472].

Ағылшын графикасындағы фонема мен графема арасалмағын көрсететін зерттеулерден бұл тілде жазудың шын мәнінде тіл өкілдері үшін «ұлт басындағы ауыртпалық» (*National Tragedy – калькаласақ, ұлт басындағы қасірет* болып аударылады) екендігіне көз жеткізуге болады. Ал тілдің белгілі бір ұлттар ауқымынан шыққан, бүгінгі күнгі нөмірі бірінші лингва франкалық функциясы – ғаламдық экспансиясы – бұл мәселені одан әрмен ушықтырып, «ғаламдық ауыртпалыққа» айналдырып алып бара жатыр.

Тұрмыс-тіршіліктің жазуды қажет ететін барлық саласында, сондай-ақ, ағылшын тілін оқыту үдерісінде бұл тілде жазу проблемасы бүгінге дейін күн тәртібінен түспей отыр. Нақты мысал: АҚШ Мемлекеттік Департаментінің жылына 4 рет дүниежүзілік ағылшын тілі оқытушыларына арнап шығаратын, Вашингтоннан елшіліктер арқылы шетелдерге тарайтын ғылыми-әдістемелік басылымы «English Teaching FORUM» журналының соңғы сандарының бірінде [6] жарияланған 7 мақаланың төртеуі ағылшын тілінде жазу дағдысын қалыптастыруға арналған әдістемелік ізденістер.

«Біріккен Корольдықтың 100 сұрағына жауап» деп аталатын кітаптың 58-сұрағы «Не себепті көптеген ағылшын сөздері жазылуынан басқаша айтылады?» (“Why are many English words pronounced differently from the way they are spelt?”) деп қойылып, сұрақтың жауабы былайша түсіндіріледі: ««Ағылшын мектеп оқушылары мен дүниежүзілік ағылшын тілін үйренушілердің бұл тілдің орфографиясы болжап білуге болмайтын, жүйесіз жазу» дейтін ортақ пікірде екеніне дау жоқ. Дегенмен, тіл білімі зерттеулері ағылшын тілінде бар болғаны 400 сөздің жазылуы «дұрыс емес» дегенді растайды» [7, p. 58]. Оған біздің қосарымыз, өкінішке орай, сол 400 (деректер түрліше) сөз тілдегі ең жиі қолданылатын сөздер және мұндай статистиканы жүргізу барысында «Манчестер деп жазылып, Ливерпул болып оқылатын» ономастикалық атаулардың есепке алынбағаны белгілі.

«Ағылшын жазуын түсіну» (*Understanding English Spelling*) кітабының авторы Маша Белл орфографиялық нормаларына сай жазылмайтын ағылшын тілінде 3500, неміс тілінде 800 сөз, испан тілінде 600 сөз, италиян тілінде 400-ге жуық сөз бар деген мағлұматты береді [8] (кітаптың электронды нұсқасы – [9], 2007 ж.). Осы автордың соңғы зерттеулерінде (2007ж.) ағылшын тіліндегі ережеге сай жазылмайтын жиі кездесетін сөздердің саны 4,200-ден кем емес [10].

И.М. Дьяконовтың пікірінше, «қазіргі әліпбилік жазуға негізделген тілдердің әрқайсысы таза фонетикалықтан гөрі орфографияда азды-көпті деңгейде тарихи принципті де ұстанады. Дегенмен, дыбыстық жүйенің дамуымен диграмма, триграмма және полифониялары сақталған тарихи орфография жазу мен айтылым арасындағы байланыстың ажырауына әкеліп соғады. Ағылшын орфографиясының қайдай да бір ережелерін жасауға болатын болса да, ондағы ережеден ауытқулардың тым көптігі сонша, қарапайым оқырман үшін көптеген сөздер тек әріптер жиынтығынан тұратын тәрізді көрінеді. Ал шын мәнінде көп сөздердегі жекелеген әріптер ешнәрсеге сәйкес келмейді, олардың жиынтығы ғана бір-сөздік таңбаны, өзіндік логограмманы білдіреді. Сөздің жазылуын жаттап алу керек, қытай тіліндегідей әрбір жекелеген сөздің жазылуын жаттауға тура келмесе де, өте көп сөздің жазылуын жаттап алуға тура келеді». «Примером могут служить такие чудовища английской орфографии, как *through* (с фонетической транскрипцией [TrH]), *psychic*

['saIkIk], имя собственное *Wriothesley* ['rOtsII] и многие другие» [11, с. 24-25].

Жазу жүйесінің проблемасы ағылшын тілінің мың жылдық даму тарихымен бірге өмір сүріп келе жатыр. Қиындықтар тым ертеден-ақ *Көне заман ағылшын тілін* латын қарпіне көшіріп жазумен пайда болған екен [12]. Содан бері оқу-жазуды жазу жүйесіне реформа жасау арқылы жеңілдету шамамен 16 ғасырдың аяғында басталған екен. Бұл идеяны Чарлз Диккенс, Марк Твен, Бернард Шоу секілді белгілі тұлғалар да қолдаған екен [10].

Ағылшын тілінің әбден уақыты жеткен орфографиясын жеңілдетіп, үйренушіге түсінікті ету жолында ЖП-сын жасауға бірнеше *Cut Spelling*, *Deseret alphabet*, *Shavian alphabet*, *SoundSpel*, *SR1*, *Benjamin Franklin's phonetic alphabet* [13], *-SSS (Simplified Spelling Society)* [14], SSS қоғамының мүшелері (олардың кітаптары: *Understanding English Spelling* by Masha Bell. *Sounds, Symbols and Spellings* by Adam Brown. *Jolly Dictionary* by Sue Lloyd and Sara Wernham. *Future of Fomics* by Isobel Raven. *fom winde ferfeelt (vom winde verfehlt)* by Zé do Rock. *Spelling for the 21st century* by Sanford S. Silverman. *Spelling Dearest (The Down and Dirty, Nitty-Gritty History of English Spelling)* by Niall McLeod Waldman. *The Book of Spells & Misspells* by Valerie Yule) сияқты көптеген ұйымдар, компаниялар, қоғамдар, жеке тұлғалар ат салысып келеді [15].

Жазу реформасын жақтаушы компаниялардың өзі негізінен екі бағытқа бөлінеді: *bipi* графиканы фонемаға жақындатып, жазуды жеңілдетуді қалайды, *екіншісі* жаңа әліпби қабылдау арқылы түбегейлі төңкеріс жасауды қалайды. Екі бағыттағылар да жазудың қиындығы тіл үйренуді ғана қиындатып қоймай, бұл (дыбыстық жазуға негізделген тілдер ішінде жазба тілі ауызша тіліне жақын тілдерде сөйлеушілерге қарағанда) ағылшын тілінде сөйлейтіндерді жаппай сауатсыздыққа алып келіп отыр деп қауіптенеді. «Сөздерді дұрыс оқи алмай қалу қаупінен оқушының/студенттің сынып/топ алдында дауыстап оқуға қысылуы сауатсыздыққа себеп болып жүрген көптеген өзге әлеуметтік себептер қатарында көрсетіліп жүр (*The great effect that the difficulty of learning to read English has upon illiteracy. ... Embarrassed over failing to read aloud before the class properly*)» [16].

«Италияндық балалардың барлығына дерлік 2 айға жуық уақытта оқуды үйреніп, мектептің 2-сыныбынан кейін жазуды толығымен меңгеріп болады екен (Қазақ балалары туралы да осыған шамалас нәтижені айтуға болады, бірінші сыныпта Әліппені бітіріп, яғни оқу-жазуды үйреніп болып, «Әліппемен қоштасады» – Н.Р.). Ал ағылшынша сөйлейтін балалардың ширек пайызы 11 жасқа дейін жөнді оқи алмайды, ағылшын тілінде жазуды үйрену өте ұзақ уақытты алады және миллиондағын үйренушілер оны ешқашан меңгеріп бітпейді. Біріккен Корольдықта 7 млн., АҚШ-та 40 млн. ересектің жарамды сауаты жоқ. Бүкіл ағылшын тілділердің тең жартысына жуығы жазуды қиынсынады. Сондықтан ағылшын орфографиясы жаңартылуға тиіс» [17].

Ағылшын орфографиясын модернизациялау ғасырлар бойы өзгеріссіз келе жатқан сөздерді тек қана жаттап алу арқылы жазып келе жатқан халыққа бірден-бір жеңілдік алып келген болар еді, бірақ мәдени дәстүрден, сан ғасырлық мұрадан қол ұзу қаупі енді уақыт озған сайын арта беретіні анық. Себебі, халықтың ғасырлар бойғы мұрасын жаңа жазуға ауыстырып шығу бірнеше ондаған жылдардың ішінде де мүмкін емес көрінеді. Оның үстіне ағылшын тілі бір ғана ағылшын ұлтының тілі емес, бүгінгі күні әлем халықтарының тек қана халықаралық қатынас құралы емес, көптеген (80-ге жуық) мемлекеттердің ресми тілі, миллиондаған халықтардың екінші тілі және жаһандану үдерісінде бірден-бір *Lingua Franca*-ға айналып отырған тіл. Бұл өз кезегінде сөздіктерде бірдей жазылып тұрған сөздердің оқылуының қиындығынан бірнеше айтылым стандарттарын қалыптастырды. Ал қандай да реформа сөздің жазылуын жеңілдету үшін оның айтылуына негізделіп жасалар еді, енді бұдан кейін орфографияның жаңа ережелерін жасау тәуекеліне бел буу да мүмкін емес тәрізді.

Бірнеше ғасырдан бері нәтижесіз күресіп келе жатқан жазу реформасын қолдаушылардың алға тартып отырған басты уәждері, *біріншіден*, жазу-сызудың қиындығы сауатсыздық деңгейінің басты себебі; *екіншіден*, оқу-жазуы оңай тілдерде бір жылға жетер жетпес жұмсалатын уақытқа, ағылшын тілді мемлекеттерде кем дегенде үш жыл жұмсалады (тіпті бала 14 жасқа дейін оқу-жазуды түбегейлі меңгеріп болмайды), сол себептен, бұл үлкен уақыттың шығыны; *үшіншіден*, оқу процесіне жұмсалатын қаржының да шығыны.

Фин тілінің 38 дыбысын беретін 38 графемасы бар екен. Халықаралық білім сайыстарында, тиісінше, олардың оқушылары әрдайым жоғарғы нәтижелерге қол жеткізеді, ағылшын тілді мемлекеттердің балаларынан озық жүреді екен. Жалпы ағылшын тілді мемлекеттердің оқушыларына мұндай сайыстарда төменгі орындарда қалып жүру тән екен [10]. Мұның барлығын мамандар бірінші кезекте оқудың қиындығымен байланыстырады.

Ағылшындар біздің бүгінгі қолданыстағы негізінен фонематикалық принципке негізделген жазуымыздай жазуды армандап, қол жеткізе алмай жүргенде, біз олардың 26 әріптің жетіспеушілігінен туған, бүгінгі күнге дейін өздері құтыла алмай отырған «бас ауруына» қызығып, сау басымызға сақина сатып алудан сақтануымыз керек. Мәселенің тағы бір аса маңызды жағы бар, флективті (грамматикалық түрленім сөздердің орын тәртібінің өзгеруі арқылы жасалатын), яғни сөздері келте келетін тілдердің тәжірибесін аглютинативті (грамматикалық түрленім сөзге жалғау, жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалатын), яғни сөздері жалғалмалы ұзын болып келетін тілдерге қолданудың ешқандай қисыны жоқ. Онсыз да шұбалаңқы «қанағаттандырылмағандықтан», «байланыстырылмағандықтан», «алмастырылмағандықтан», «іздістірілмегендіктен», «қарастырылмағандықтан», «салыстырылмағандықтан», «араластырылмағандықтан» деген тәрізді күнделікті қолданыстағы дара сөздеріміздің өзі қосарланған таңбалармен жазылса, бір қатарға сыймай қалуы да ғажап емес және оқып отырған

адам жарты жолдан жаңылысып, «басы қандай еді?» деп, қайта-қайта басынан оқуы мүмкін. Диграф, триграф, полиграф дегендердің аглютинативті тілдер тұрмақ, қандай жазу жүйесіне де үлкен қиындық тудыратын таңбалар екенін есте ұстағанымыз абзал.

Ал енді *апостраф* арқылы ұсынылған нұсқаға келейік. Алдымен, бұған латын қарпіне көшудегі ең басты мақсат-мүддеміз тұрғысынан қарап көрелік. Мақсатымыз не еді? Мақсатымыз – тілімізді ғаламдық латын қаріпті айналымға енгізу. Егер бүгінгі ағылшынның нөмірі бірінші спутникті телеарнасын *BBC World News*-ті көріп отырсақ, онда барлық латын қаріпті тілдердің кісі есімдері мен басқа да атаулары сол тілдердің өздері жазған нұсқада беріліп отырады, диакритикалық үстемелері де сақталады. Бір айта кетерлігі, ағылшын тілінде әліпбиде тиісті таңбасы болмаса да, диакритикалық таңбалармен жазылып, сөздіктерінен ойып орын алған *déjà vu, tête-à-tête, communiqué, charge d'affaire, crème de la crème, cliché* деген тәрізді жиі қолданылатын кірме сөздер де баршылық. Бұлардың көпшілігі түпнұсқасында жазылу тұрпатын сақтаған. Ағылшынның төлтума жазушысы *Charlotte Brontë* есімінің жазылуына да зер салыңыз. Осы жердегі мысалдарда келтірілген диакритикалық таңбалардың бір де бірі ағылшын әліпбиінде жоқ, бірақ жазу жүйесінде бар. Мұндай әліпбиде жоқ таңбалармен жазу да емле-ережелерді одан әрі күрделендіре түсері хақ. Бұлардың ешқайсысында және латын қаріпті жазудың ешқайсысында апостраф (') диакритикалық үстеме ретінде, яғни таңба жасауға үстеме белгі ретінде қолданылмайды. Жоғарыда келтіріліген мысалдардың ішіндегі *charge d'affaire* апостраф таңбасы ондағы *de* артиклін қысқарту үшін жұмсалып тұр. Бір ғана ағылшын тілінің өзінде апостраф (') бірнеше грамматикалық функция атқарады, қараңыз:

1. меншіктілікті білдіреді: *Alma's dress, Socrates' idea, the student's grade*, т.б.

2. бірнеше қысқарту белгісін береді:

- *I am – I'm; I have – I've; I will – I'll; I would – I'd; I had – I'd; are not – aren't; he is – he's; he has – he's; you would – you'd; we shall – we'll; that is – that's; there is – there's; they are – they're; they have – they've; they will – they'll; they would – they'd; they had – they'd; were not – weren't; what is – what's; where is – where's; who is – who's; who will – who'll*, т.б. (бұл осылай жалғасып кете беретін өте үлкен тізім).

- көбіне поэзия тілінде кездесетін *o'er – over; e'er – ever* деген сөздердегі *v* әрпінің апостраф (') белгісімен алмастырылып қысқартылуы.

- жылдардың қысқартылып жазылып, айтылуы, мысалы, 1960, 1970 жылдары дегеннің *'60s, '70s* болып берілуі.



3. кіші әріптердің көпше түрін білдіретін таңба ретінде жұмсалып жүр, мысалы, *p's, t's, m's, g's, s's, c's, n's*, т.б. (бірақ бұлай жазудың апострафты қолданудың қолайсыздығынан қазіргі кезде біртіндеп, «*p»s, «t»s, «m»s, «g»s, «s»s, «c»s, «n»s*, т.б. деген нұсқаға ойысып бара жатқаны байқалады [18]).

Ендеше, қазақтың жаңадан ұсынылған ағылшынның 26 әрпіне қоса және 9 апострафпен берілген таңбадан тұратын әліпбиіне, алдымен, өз есімімізді түсіруден бастап, оған тәуелділік жалғауын жалғап жазып көрелік: *Rsali'eva Nursa'y'le Maqsutkyzy* – бұл есіміміздің жазылуы делік. *Rsali'eva's* – Рсалиеваның; *Nursa'y'le's* – Нұрсәуленің; *Maqsutkyzy's* – Мақсұтқызының. Келтірілген мысалдан қай апострафтың қандай белгі ретінде жұмсалып тұрғанын айыру өте қиын. Ал есімнің өзі апострафпен бітетін Қозы – Көрпеш, Баян сұлу деген есімдерге -тің, -дың тәуелділік жалғауларын жалғап жазып көрелік: *Qozy – Ko'rpes''s, Bai'an suly''s* деген қосарланған апострафтары бар жазу шығады. Бұл мысалдар ең апострафы аз кездесетін сөздерге берілді.

Ал *биші, күйші, өңір, өлең, үй іші, әңгімелеуші* деген тәрізді тағы басқа күнделікті жиі қолданыстағы сөздердің тұрпаты қандай түрге енер екен? Көрелік:

күйші – *ku'I's'I*

биші – *bi's'I*

үй іші – *u'I is'I*

өңір – *o'n'ir*

өңеш – *o'n'es'*

жауғашты – *jay'g'as'ty*

өлең сүйгіш – *o'len' su'I'gis'*

су құйғыш – *sy' qui'g'ys'*

әңгімелеуші – *a'n'gimeley's'I*

Өкіреш – *O'kires'*

Жаңбыршы – *Jan'byrs'y*

Шөмішбай (Сариев) – *S'o'mis'bai*

Сөздің шындығына келсек, мынау жазу мүлдем жазуға ұқсамайды. Ағылшындардың *'Alphabet Soup'* деп аталатын терминін еске түсіреді. Терминнің тура мағынасы да, жанама мағынасы да бар. Тура мағынасында ішіне әртүрлі әріп пішіндес кеспелер салынатын балалардың жақсы көретін сорпасы. Ал жанама мағынасында ішінде тым көп түсініксіз аббревиатурасы бар, басқа да толып жатқан таңбаларымен оқуға өте ауыр жазылған тілді айтады. Біздің мына ұсынып отырған «жиынтығымыз» «*Әліпби ботқа*»-ның нақ өзі іспетті. Жоғарыдағы мысалдардан және анық көретініміз, «*o'len' su'I'gis'*», «*a'n'gimeley's'I*», «*bi's'I*», «*ku'I's'I*», «*u'I is'I*» (үй іші) сөздерін жазғанда *i* әрпінің алдында апостраф келіп, одан соң «пробел» басқанда автоматты түрде ағылшын тіліндегі *I (мен)* есімдігіне айналып кетеді екен. Сөз соңында кездесетін -

ші жұрнағының «-s'I» болып кетіп жатқаны осы себепті. Тағы да нақтылай түсуге болады:

тілші, кеші, берші, кіші, өтірікші, бірінші, сүйінші –  
tils'I, kes'I, bers'I, kis'I, o'tiriks'I, birins'I, su'iins'I

Басқа алдынан апостраф келмейтін жағдайда іні – ini, інісі – inisi, міні –  
mini, тәртібі –ta'rtibi, т.б.

«Ән шашу» бағдарламасының жүргізушісі Сағыныш Өмірғалиғызы  
қай өңірден?

Оңтүстіктің бишісі ғой» деген сөйлемді жазып көрелік:

- «A'n s'as'y'» bag'darlamasynyn' ju'rgizy's'isi Sag'unys' O'mirg'ali'kyzy qai'  
o'n'irden?
- On'tu'stiktin' ku'is'isi' g'oi'.

Демек, біздің қолданғалы отырған латын «қарпіміз» жазу емес, «құйып тұрған нөсер жаңбырдың астындағы» апострафтың осыншама «табиғи» қолданыстарымен қатар ағылшын тіліне өзге латын қаріптегі жазулар іспетті кірігіп кете алмайды. Өйткені, қазақ жазу жүйесі апостраф (') деп аталатын грамматикалық мағына жасайтын белгіні молынан диакритикалық таңба ретінде қарастырып отырған бірден-бір ерекше әліпбиден құралмақ. Бұл ерекшелігі жай ерекшелік емес, өзін өзге латын қаріптері арасына кіргізбейтін оғаш ерекшелік. Оғаш болмай емін-еркін айналымға еніп кету үшін латынға негізделген әліпби ағылшын әліпбиіндегі 26 әріптің жетпей қалған тұстарында түрік әліпбиі іспетті ешкімнің көзіне оғаш көрінбейтін, аты да, заты да танылған, халықаралық деңгейде кеңінен қолданысы бар диакритикалық таңбалардан құралу керек.

Демек, апострафтың осыншама «табиғи» қолданыстарымен қатар біздің қолданғалы отырған латын «қарпіміз» ағылшын тіліне өзге латын қаріптегі жазулар іспетті кірігіп кете алмайды. Өйткені, қазақ жазу жүйесі апостраф (') деп аталатын грамматикалық мағына жасайтын белгіні молынан диакритикалық таңба ретінде қарастырып отырған бірден-бір ерекше әліпбиден құралмақ. Бұл ерекшелігі жай ерекшелік емес, өзін өзге латын қаріптері арасына кіргізбейтін оғаш ерекшелік. Оғаш болмай емін-еркін айналымға еніп кету үшін латынға негізделген әліпби ағылшын әліпбиіндегі 26 әріптің жетпей қалған тұстарында түрік әліпбиі іспетті ешкімнің көзіне оғаш көрінбейтін, аты да, заты да танылған, халықаралық деңгейде кеңінен қолданысы бар диакритикалық таңбалардан құралу керек.

Ал шындығына келгенде, біздің бүгінгі қолданыстағы 42 әріптік жазуымыз тәрізді жазу – қай халыққа болмасын (деуге болар) қол жетпес арман. Себебі, басқа көптеген жазу жүйелерімен салыстыра қарағанда, қазақтың (кетіп бара жатқан) жазуы фонетикалық транскрипция іспетті кез-келген тілдің сөздерін бара-бар дәлдікпен көшіріп жаза алады. Ал біз осы таңғажайып жазуды тастап, латын қарпіне көшуге бел шешкен

екенбіз, ендеше латын қарпі деген сөз ағылшынның 26 әрпі, не болмаса оларға қосылған апострафтар деген сөз емес. Қазір бізге әліпби өзгерту мүмкіндігі және берілген екен, ендеше оны жедел дамып жатқан кеше басқа болған, бүгін басқа, ертең басқа болатын техниканың мүддесіне лайықтап емес, мәңгілік елдің жарқын болашағына лайықтап, фонемаға-таңба принципін мықтап ұстанып, қажетті жеріне ағылшыннан басқа латын қаріпті тілдердің әліпбилерінде кездесетін диакритикалық үстемелерді ұтымды орнықтырып, рационалды әліпби жасап алғанымыз абзал. Адамның техникаға емес, техниканың адамға бейімделгені керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Афанасьева О.В., Резвцова М.Д., Самохина Т.С. Сравнительная типология английского и русского языков (практикум). Учеб. пособие // Изд. 2-е, испр. – М.: ФИЗМАТЛИТ, 2000. – 208 с.
2. Ибрагимов Қ, Базарғалиева Б. Қазақ тілі: Жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық-тест, – Алматы: Шың-Кітап, 2006 -266 б.
3. Hornby A.S. Oxford Advanced Learner’s Dictionary of Current English. Seventh edition. Oxford New York: Oxford University Press, 2005. – 1780 + R119 p.
4. Satinova V.F. Read and Speak about Britain and the British // Минск: «Вышэйшая школа», 2000. – 255 с.
5. Wells J.C. *Longman Pronunciation Dictionary*. Fifth impression. Longman, 2003. 871 p.
6. English Teaching FORUM. Volume 43, Number 3, 2005. – 56 p.
7. The United Kingdom. //100 Questions Answered. Britain. Creativity, innovation, quality. Question 57–60, P. 57–60.
8. <http://www.spellingsociety.org/aboutsss/leaflets/whyenglish.pdf>
9. [www.amazon.co.uk](http://www.amazon.co.uk)
10. Masha Bell. Why English spelling needs modernising <http://improvingenglishspelling.blogspot.com>
11. Дьяконов. И.М.О Письменности // В кн.: Дирингер Д. Алфавит. – London, 1949 // перевод с англ. И.М. Дунаевской, Г.А.Зографа, И.А. Перельмутера. – М.: Изд-во Иностранной литературы, 1963. – 644 с.
12. <http://facweb.furman.edu/~wrogers/phonemes/>
13. [http://en.wikipedia.org/wiki/English\\_spelling\\_reform](http://en.wikipedia.org/wiki/English_spelling_reform)
14. <http://homepages.muenchen.org/bm655586/rite.html>
15. <http://www.spellingsociety.org/aboutsss/mbooks.php>
16. [http://www.educationnews.org/writers/michael/An\\_Interview\\_with\\_Bob](http://www.educationnews.org/writers/michael/An_Interview_with_Bob)
17. <http://www.spellingsociety.org/aboutsss/leaflets/whyenglish.pdf>:
18. <http://www.grammarcheck.me/how-to-use-apostrophes/#>

**2-бөлім. Қазақ топонимдері бойынша ғылыми-талдау очерк.**

Бұл бөлімге Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірлік атаулары, яғни негізгі республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен облыс, аудан орталықтары мен кент, теміржол станса, кейбір ауылдық округ атаулары енгізілген. Сондай ақ, табиғи, физика-географиялық нысана қатарына жататын ірілі-ұсақты көл, тау, өзен атауларының тізімі енгізіліп отыр. Атаулар алдымен кирил жазуында және апостроф таңбалы латын әліпбиіндегі жаңа салғастырмалы транслитерациясы беріледі. Жұмыстың мақсаты – топонимдік атаулардың жаңа латын әліпбиі графикасындағы апостроф қолдану жиілігін анықтау, сөздің қаншалықты ұзаратындығын байқау. Алдымен апострофсыз атаулар саны, бір апострофпен берілетін, екі апострофпен берілетіні, үш апострофпен берілетіні және төрт одан да көп апострофпен берілетін атаулардың нақты санын анықтау. Яғни бұрынғы кирил әріп саны мен латын әріп санын салғастыру арқылы нақты атаудың қанша әріпке ұзарғанын немесе қысқарғанын айқындаймыз.

Сонымен қатар кейбір атауларды транслитерациялау барысында қиындық туғызатын, әлі түбегейлі шешілмеген орфограммалар анықталады, сөйтіп олардың тиімді транслитерациялау жүйесі қарастырылады.

Төменде көрсетілген атаулардағы осы апостроф негізді латын әліпбиіне сүйене отырып, бір дыбыс/бір таңба принципі сақталған жазуда, мәселен, *Qaraqai, Qaraqozy, Baltasai, Basaral, Tumaatsor, Uraqudyq, Ekpin, Aqpan, Ertis, Jem* сынды апострофы жоқ атаулардың өте үйлесімді, әрі оқуға қолайлы, қабылдауға да оңай екендігі көрініп тұр.

Қазақстан аумағында біртүбірлі атаудан өзге екі, үш, төрт сөздің бірігуінен жасалған күрделі тұлғалы жер-су атаулары жиі кездесетіндігі белгілі. Зерттеуде мыңдаған жер-су атаулары (елді мекен, өзен, тау, көл атаулары) апостроф негізді латын графикасында транслитерацияланып, олардың ішінен бірнеше сөзден жасалған атаулар арнайы қарастырылды.

Сөйтіп апостроф негізді латын әліпбиінде транслитерацияланған бір апостроф кездесетін *Qosqyzyl's'oqu* – *Қосқызылшоқы*, *S'yug'us Jeldiqarag'ai'* - *Шығыс Желдіқарағай*, *Bas Jalay'ly* - *Бас Жалаулы* сынды күрделі атауларды өзінде жалғыз апостроф жазу сөзді тым ұзартып, арасындағы үзіктер (пробелдер) көбейіп, сөздің тұтастығы бұзылып кетеді екен. Қазақстанның кейбір жер-су атауларының ішінде бір атаудың өзінде 3,4, тіптен 5 және 6 апострофпен жазылатыны кездесті, мәселен, *S'o'mis'*, *Ai'g'ai'*, ***Ka'y's'ik***, ***Ba'i'bis'e***, ***By'ryltog'ai'***, *A'j'teke bi'*, ***Ji'renai'g'yr***, ***Ko'kas's'y***, ***Ko'kbi'esai'***, ***Ko'ku'I'***, *Man'g'ystay'*, *En'bek's'ilder*, *U's'ins'i Qai'yn'dy* – 5 апостроф, *In'ka'rda'ri'i'a* – 5 апостроф, *Bai'g'as'as'qai'ranko'l* - 6 апостроф. Алынған мысалдардан, көріп отырғанымыздай, апострофтың көбейгені атауды жазу мен оқуды едәуір қиындатады екен. Мысалы, *Bai'g'as'as'qai'ranko'l* - *Байғашашқанкөл* деген Ақмола облысындағы ауыл атын алғашында оны оқу өте қиынға соқты, тұтас бір сөз екендігін қабылдау аса ауыр, буынға бөліп, оқып, әзер тануға болады. Осы және *Jan'g'uzs'ag'yl* - *Жаңғызшағыл* сынды

атауларды елді мекенге бергенде немесе картаға түсіргенде шұбалаңқы тартып, қабылдау, оқу қиындық туғызатыны анық. Сондықтан апостроф негізді әліпбиді біржолата тандап алып жатқан жағдайда, онда апостроф белгілерін мейілінше қысқартуға ұмтылу керек. Мұның басты себебі, бұл атаулар мектеп оқулықтарында, үлкендер мен баланың сөйлеу кезінде, қатысым барысында қолданылғанда коммуникация ауырлай түседі.

**Бірге, бөлек жазу емлесіне.** Қазақ тіліндегі екі, үш, не одан көп сөздердің бірігуі арқылы жасалған күрделі жер-су атауларының емлесін жаңа латын жазуына көшер сәтте қатар анықтап алатын мәселе. Мәселен, *Алайғырсай* топонимі *Alaai'g'yrsai'* бірге жазылатыны белгілі. Алайда, *бас* апеллятивімен келетін *Бас Бұлдырық, Бас Дересін, Бас Өлеңсай, Бас Қарқара* сынды атау сөздіктерде *Bas Buldyryq, Bas Deresin, Bas O'len'sai', Bas Qarqara* болып бөлек жазылып тұр. Ал *Хан Шыңғыс - Han S'un'g'us* оронимі бірге жазыла ма, жоқ бірге ме? Ақсу-Жабағылы, Талды-Тасты және т.б.

Жалпы, құрамында *бас, аяқ, орта, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, жоғарғы, төменгі және үлкен, кіші, бала* сынды бағыт-бағдарлық, көлем-мөлшерлік мағына қызметін атқаратын сын есімі бар атауларда бөлек жазылып, екі компонентте *бас* әріппен жазылады, мысалы, *Солтүстік Қазақстан, Шығыс Желдіқарағай - S'yug'ysJeldiqarag'ai', Жоғарғы Қайрақты*. Аталғандардан өзге екі, үш, төрт сөзді жер-су аттарының бірге-бөлек жазу принциптерін айқындап алатын тұстары жетерлік. Өйткені қазірдің өзінде бір топонимдік атауды жазуда бірізділік сақталмайды. Мәселен, бір ғана *Ақбұлақ* ықшам ауданның атауы түрлі көздерде *Ақ-Бұлақ, Ақ- бұлақ, Ақ Бұлақ, Ақ бұлақ* формасында қолданылып жүр. Сондықтан келешекте орфографиялық ереже жасау барысында осы мәселені ескеру керек.

**Қазақ топонимдері құрамындағы кірме атаулар.** *37-ші Разъезд, Құсферма, Светлый Жаркөл, Күріш Даласы разъезы, Правый Усть-Қалжыр, Никольско-Бурлықское, Зааятская.*

*Разъезд* сөзі латын графикасында *Razi`ez* кирил жазуындағы кері транскрипциясы [*разйез*] болуы керек. Бұл **ь** белгісімен келетін өзге де *съезд, подъезд, объезд* сөздеріне қатысты, яғни қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпия нормаларына сай транслитерациялануы тиіс. Орыс тілінің латын графикасында транслитерациялау стандарттарында (ГОСТ 7.79-2000) бойынша **ь** белгісін **''** қос апострофпен таңбалайды екен. Ал мягкий знак - **Ь** белгісін осы стандарт бойынша бір апострофпен **'** таңбалайды екен.

Алайда кісі есімдеріне, географиялық атауларға қатысты орыс тілінің латын графикасында транслитерациялаудың соңғы жылдардағы ереже-нұсқаулықтарында мягкий знак - **Ь** белгісі мүлдем қолданылмай тастаған, мысалы, *Olga – Ольга, Volное – Вольное*. Қазақстан аумағында жартысы қазақша, жартысы орысша атаулар, қосөзді күрделі атаудың алғашқы сыңары орыс тіліндегі сын есіммен кездесетін жағдайлар, яғни гибрид атаулар бар екендігін айту керек. Мысалы, *Светлый Жаркөл,*

*Күріш Даласы разъезы, Правый Усть-Қалжыр, Никольско-Бурлықское, Зааятская.* Мұндай типтегі тіларалық интерференция нәтижесінде пайда болған топонимдердің өзіндік орфографиялық, емлелік ерекшелігі қалыптасқан, сондықтан оларды орыс және қазақ тілі нормаларын қолдана отырып, зерттеу керек. Бұл болашақ ойланатын, ғылыми негізін анықтайтын мәселе.

*Б.Бияровтың талдауы.* Қазақстан топонимдік жүйесінің ішінен 1446 атау іріктеліп алынып, апостроф негізді жаңа латын әліпбиімен жазылды. Әліпбидің ерекшеліктерін нақтырақ анықтау үшін, түбір (Josa, Tug'yl, S'et, S'o'l) және біріккен (Bay'yrko'l, Kerbulaq, Qarajyra, To'sag'as') топонимдер қамтылды. Барлық 1446 топонимнің апострофсыз жазылғаны – 476, апострофпен жазылғаны – 970 болды. Апострофпен жазылғаны топонимдердің 67,1 пайызын құрайтындығы анықталды.

Апострофпен жазылған 970 топонимнің 569-ы бір апострофпен, 289-ы екі апострофпен, 104-і үш апострофпен және 8-і төрт апострофпен таңбаланған. Оларды салыстыра кетсек: *Qoso'zen* (1), *Qosqarag'ai'* (2), *Ju'zag'as'* (3) *Jan'g'uzs'ag'yl* (4). Жаңа әліпбидегі 32 әріптің 9-ы апострофпен жазылады. Олардың ішінен тілімізде жоқ дуысты [и] мен [ч] әріптерін алып тастауды ұсынамын. Бұлардан тыс ф, в, х, һ әріптеріне де орын берудің қажеті жоқ. Қазақтың тілінде қазір 28 дыбыс бар, оның 9-ы дауысты, 19-ы дауыссыз. Сол 28 дыбысқа лайықты таңба тауып берсек жеткілікті. Сонда ғана әліпби ықшам, ыңғайлы болмақ. Кірме сөздерді дәл береміз деп жат дыбыстарды, әріптерді қабылдай берсек, біздің әліпби 42-ден де асып кетеді. Жаңа әліпбидегі кірме әріптерді ауыстырып жазу мүмкіндігі мынадай: *Аласиыр – Alasyi'r (u-yi')*. *Бозащы – Bozas's'y (u-s's')*. *Бозжусан – Bozju'san (y-uy')*. *Қиясай – Qyi'asai' (я-i'a)*. *Аюды – Ai'uy'dy (ю-i'uy')*. *Чанай – S'apai' (ч-s')*. *Қайсенов – Qai'senob (в-b)*.

Сонда Ақирек – Aqii'rek, Ақиық – Aqyi'uq, Ақсуат – Aqsuy'at, Бекутас – Beku'yatas болып жазылады да, оқығанда таза қазақша дыбысталады, өйткені таза қазақ дыбыстары тұр сөздің (атаудың) ішінде. Қазақтың белгілі фонетист-ғалымдары Ә.Жүнісбек пен С.Мырзабектің мектеп оқулықтарына енгізе алмай қойған мәселелері де осы болатын. Енді оңтайы келді. Кірме әріптерді аластап, таза қазақы дыбыстарды ғана қалдырып, соларға лайықты таңба тауып беруге тарих өзі мүмкіндік беріп тұр. Бұл мүмкіндікті дұрыс, сәтті пайдаланбау – біздің замандастарымызға үлкен сын.

Апостроф таңбасының өзі бір әріптің орнын алатыны сөздің жазуын ұзартып жіберетінін байқау қиын емес. Мәселен, Жалғызтас - Jalg'yztas (9-10), Қосағаш - Qosag'as'(7-9), Шілтоғай - S'iltog'ai'(8-11), Шөмішкөл - S'o'mis'ko'l (8-12). Көріп отырғанымыздай, қазіргі қолданып жүрген әліпбиімен жазылған сөз бен жаңа латын әліпбиімен жазылған сөздің арасында таңбалардың саны өзгереді екен: 9-10, 7-9, 8-11, 8-12. Бұл жағынан алғанда, алдында қоғам мен парламент қабылдамай қайтарған диграф негізді әліпбиге ұқсайды. Жалғанбалы тілге жататын қазақ сөздері диграф қолданғанда ұзарып кетеді деген едік, апостроф та таңба санын

көбейтіп тұр. Мәселе шешілген жоқ, сол қалпында қалды деген сөз. Ұзақ мәтіндерді апостроф негізді әліпбиге аударғанда, мәтін көлемі бір, бір жарым есе өсіп кетуі мүмкін. «Бір дыбысқа – бір әріп» деген басты принцип бұзылады.

Қазақ (түркі) фонетикасында үндестік заңына сәйкес ежелден дауыстылар жуан-жіңішке жұп құрайды: а-ә, о-ө, ы-і, ұ-ү, е. [Е] дыбысының жалғыз қалған себебі Х ғасырда араб тілінен енген [ә] дыбысының әсері екені белгілі. Жаңа латын әліпбиінде осы қалыптасқан дәстүрді бұзып ы-і дыбыстарына басқа-басқа әріптер тағайындалған: і-і, ы-у. Мұнда қазақ тіліндегі ы-у дыбыстары бір әріпке телініп, апострофпен ажыратылған. Алдыңғы әліпби нұсқаларында ұсынылғандай, қазақ тіліндегі үнді дауыссыз жалаң (монофтонг) [у] дыбысына компьютер тақтасында бар [w] таңбасын ұсынып, ы-і жұптарын латынның [Yu] әрпімен апостроф арқылы ажыратып таңбалау дұрыс болар еді. Біздің тілімізде дауысты [у] мен [и] ежелден болмағанынын білеміз. 1925 қазақ зиялыларының тұңғыш сиезінде осы дауысты [у] мен [и] - ді әліпбиден алып тастаған болатын. Қазіргі кезде де оларға мұқтаждық жоқ. Есесіне тілімізде бар үнді жалаң [й] дыбысы апострофсыз жеке таңбаға [i] ие болар еді. Қалыптасқан, жұптасқан дыбыстарға ұқсас, сәйкес әріптер тауып беру оларды оқып-үйренуді жеңілдетеді.

**Қысқаша тұжырым.** Қазақстан жер-су атаулары жүйесіндегі көптеген күрделі атауларды апостроф негізді латын графикасымен транслитерациялау барысында бір атаудың бойында апострофтың шамадан тыс көп болуы физика-географиялық және т.б оқулық карталарында, оқулықтарда жазылуы орфографиялық қателер мен бұрмалауларға жол береді. Қазақстанның көптеген жер-су атаулары, елді мекен атаулары әлемдік ауқымды ақпараттық-коммуникативтік айналымға түсетіндігі белгілі. Сондықтан бір онимдік атауда апострофтың шамадан көп таңбалануы халықаралық айналымда адекватты түрде қабылданып, транслитерациялық жүйеге бейімделу процесі қиындай түседі, сөздер қате таңбаланып, топонимнің мекен-жайлық функциясының бұзылуына әкеп соғады.

Осыған байланысты апостроф жазудың оқу процесі мен халықаралық қолданысқа тиімсіз екендігі байқалады.

### **3-бөлім. Қазақ тіліндегі кісі есімдерін латын графикасында таңбалау мәселесі**

**Ермек – Yermek (Ermek), Ерден - Yerden (Erden)** сынды антропонимдерінің жазылу ережесі

**Қазақстан азаматтарының аты-жөнін латын әліпбиіне көшіру мәселелері** (Бекжан Әбдуәлиұлы).

Ұлттық тілдің байырғы болмысын сақтай отырып, жаңа заманға бейімделу қазіргі Қазақстан халқының басты мүддесі болып табылады. Жаһандану заманында өмір сүріп жатқан қай елдің де, айналасымен

есептеспей тек қана ұлттық мүдденің өлшемімен өмір сүруі қиын. Мұндай жағдайда азаматтардың санасында да өмір ағымына бейімделгіштік пен үлкен дүбірге еліктегіштік сезімі басым болуы мүмкін. Ойлау дағдылары ұлттық құндылықтардың аясына шоғырланып үлгермеген қазіргі қоғамда әуелгі көздеген мақсаттан жаңылмай, нысанаға тура жету аса қиын екені шындық. Сондықтан, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы әр сөздің мағынасына баса мән беріле отырып, бүгінге дейін қабылданған кісі есімдеріне қатысты құқықық-нормативтік құжаттардың талаптары басшылыққа алынады.

Латын әліпбиіне көшу ісі Елбасы мақаласында міндеттелген тапсырмаларды жүзеге асыруға бағытталады. Сондықтан, атқарылатын барша жұмыстар мақаладағы негізгі тұжырымдар мен Н.Ә.Назарбаевтың басапасөз құралдарына берген сұхбаттарынан бастау алып, тиісті межесіне жетуі тиіс. Елбасы «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», - деген болатын мақаласында. Осы жолдардағы «Біртұтас Ұлт болу», «бұқаралық сананы өзгерту» ұғымдары біз үшін аса маңызды, себебі кісі есімдерінің осы біртұтастық ұғымымен сабақтасатын тұстары бар.

Қазірге дейінгі қолданылып келген кирилл негізді қазақ әліпбиі шын мәнінде орыс тілінің заңдылықтарына көбірек қызмет етті. Нәтижесінде кісі аттарының басым көпшілігі өзінің ұлттық болмысынан ауытқып, бөтен қалыпқа түсті. Кісі есімдері белгілі бір ұлттың өз азаматтарын атау құралы ретінде қалай болса, солай қолдануға немесе кез келген басым тілдің ырғағына салып айта салуға болмайтын ұлттық құндылық. Латын әліпбиіне көшер алдында осыған байланысты кемшіліктер мен жіберілген қателерден арылып, төл қалпына бейімдеудің жолдары анықталуы керек.

Латын әріптеріне негізделген Қазақстан әліпбиі Қазақстан азаматтарының баршасына ортақ, ресми құжаттарды рәсімдеуде біртұтас қолданысын сақтайды. Сондықтан адамның аты-жөнін жазуда да біртұтас үлгілер мен нормалардың болуын міндеттейді. Кісі есімдеріне ортақ біртұтас нормалар мен ережелердің болмауынан, барының өзі арнайы ресми органдар арқылы бекітілмегендіктен, құжат рәсімдейтін ресми мекемелер оларды заңды деп таныған жоқ. Осы кемшіліктің салдарынан аты-жөн жазылуының сауаттылығын анықтау мен дұрыс жазу туралы талап қою мүмкіндігі де төмен болды. Нәтижесінде ресми құжаттарда Қазақстан азаматтары аты-жөндерінің түрлі нұсқалар қалыптасты. Жаңа әліпбиге өту осы мәселені күн тәртібіне шығарып, оны тез арада шешудің оңтайлы жолдарын ұсынуды талап етіп отыр. *Біртұтас нормаларын анықтау ұғымы* төмендегілерді білдіреді:

- Осыған дейін ұлттық тілде де қате жазылып келген есімдерді жазу нормасына сәйкестендіру;



- Кирилл әліпбиінің заңдарына бейімдей жазуға байланысты мағынасынан мүлде ажырап қалған немесе дыбыстық формасы өзгеріп кеткен есімдерді қалпына келтіру;

- Бірнеше түрлі жазылып жүрген есімдердің бірізді жазылу үлгісін қалыптастыру;

- Азаматтардың тегінің соңына жалғанатын қосымшалардың бірізді жазылу үлгілерін қалыптастыру;

- Жаңа әліпбидегі әр әріптің өзіндік орны мен таңбалау мүмкіндіктерін анықтау;

- Жаңа әліпби құрамындағы әріптердің мүмкіндігі шегінде азаматтардың аты-жөнін жазуды транслитерациялау;

Қазірге дейінгі жалпы мәселелер бойынша анықталып отырған кемшіліктерді осы принциптердің аясына топтастыруға болады. Қолданыстағы қазақ есімдерінің құрамына көз жібергенде жазылу жүйесінде орына алған соншалық жүйесіздік оларды белгілі бір стандарттар (мейлі ол қазақ тіліне қайшы босын) бойынша толтырылған дейтін тұжырым жасауға мүмкіндік бермейді. Ортақ принциптерді басшылыққа алудан гөрі, жеке адамдардың қалауы басшылыққа алынатыны байқалады және солай екеніне өз тәжірибемізде талай куә болғанымыз бар. Біздің ойымызша латын әліпбиіне көшуге дайындық барысында осы есімдердің әрқайсысының кирилл әліпбиіндегі жазылу стандарттарын нақтылап алуымыз керек. Өйткені ауыстыру мәселесі негізінен компьютерлік бағдарламалар арқылы жүзеге асады. Ең басты ойландыратын шарт – жіберілген орасан зор қателерді латын әліпбиіне көшкенде қайта көшіріп алмау.

Құжаттарды толтыруда жаңа әліпбиді қолдану қай қырынан көрінеді? Бұл сұрақтың жауабы тек жүзеге асыру барысында ғана толық анықталмақ. Сондықтан зерттеу жұмыстары екі бағытта жүргізіледі: *біріншіден*, жалпы бүгінге дейінгі жіберілген қателер мен кемшіліктерді анықтау және аты-жөнді жазудың нормаларын ұсыну; *екіншіден*, әр әріптің таңбалау мүмкіндіктері мен жаңа әліпбидің сапасын анықтау.

*Кемшіліктерді анықтау.* Қолданыстағы кісі есімдерінің жазылуына талдаулар жасау барысы бірнеше мәселені күн тәртібіне шығарып отыр:

1. Осығанға дейін ұлттық тілде де қате жазылып келген есімдерді жазу нормасына сәйкестендіру қажет. Қазақ тілінің орфографиялық заңдылықтары бойынша біршама есімдер қате жазылып жүр. Бұл кемшілік жеке құжат толтырушының қателігінен кеткені көрінеді. Мысалы, *Ғалімұлы, Әбдішүкірова, Әбдыбек, Аміралі, Арімхан, Ардақ, Дүсімбек, Жексымбаев* т.б. секілді есімдер мен фамилиялардың иелерін қазақша білмейді деуге болмайды. Жаңа әліпбиге көшу барысында, құрамында ұлттық ерекшеліктерді көрсететін дыбыстардың тұруы қазақшасының сауаттылығы ретінде саналып, байқаусыз назардан тыс қалуы мүмкін. Сондықтан Қазақстан азаматтарының есімдерін мүмкіндігінше толық жинап, сүзгіден өткізу аса қажет.

2. Кирилл әліпбиінің заңдарына бейімдей жазуға байланысты мағынасынан мүлде ажырап қалған немесе дыбыстық формасы өзгеріп кеткен есімдерді қалпына келтіру қажет. *Желамбаева, Женали, Женеділ, Маямир, Кожухова, Долина, Карасев, Ивалиева, Ситебай* т.б. секілді орысшалап жазудан кеткен есімдер бар. Олардың біразының шығу тегі, яғни түпкі нұсқасы аты-жөн иесіне белгілі болса, енді біразы көмескі тартқан. Осы қателер тағы да қайталдас үшін, аты-жөн рәсімдеу кезінде азаматтардан міндетті түрде дұрыс-бұрыстығы сұралу керек.

3. Бірнеше түрлі жазылып жүрген есімдердің түрлерін анықтап, бірізді жазылу үлгісін қалыптастыру қажет. Дыбыстық нұсқаларының түрліше қалыптасу себебі екі түрлі: біріншісі кірме есімдердің тарихына қатысты, қазіргі кезде олар тілде нормаға айналып, мағынасының ортақтығына қарамай, әрқайсысы жеке тұлға ретінде орнығып қалған. Мысалы: *Әлия, Ғалия, Қалия; Айша, Ғайша, Қайша; Жүсіп, Нүсіп, Түсіп* т.б. Екіншіден, құжат толтырғанда түрліше жазылудың нәтижесінде қалыптасқан *Әлмұхамбет, Альмухамбетова, Алмухамбетов, Әлмұқанбет, Әлмұханбет, Альмуханбетов, Алмуханбетов; Әлсеит, Әлсейит, Альсеит, Альсейит* т.б. секілді нұсқалар бар. Қазақ есімдерінің құрамында есім жасаушы әл (*Әлпейіс, Әлжан*) және ал (*Алжан, Алман*) сөздері қатар қолданылады, сондықтан ұлттық тілдің ерекшеліктерін көрсететін дыбыстардың анық таңбалануы тиіс. Аталған есімдердің шығу тарихы бір, ал қателер жіберіліп, жіңішкелік белгісі, ә-нің орнына а-ның, ұ-ның орнына у-дың жазылуы орыс орфографиясының ықпалы болса, н мен м әріптерінің араласып қолданылуы ұлттық тілдегі жазылу стандарттарының жоқтығынан. Өртүрлі жазылудан зардап шегіп жатқан осы секілді *Жумуров ~ Жумырбаев, Жунус ~ Журсин ~ Журсунов, Жүсіп ~ Жусипұлы ~ Жусіпбек ~ Жусупбековна ~ Жусуппекова; Жүніс ~ Жүнүсов ~ Жұмагұлұлы; Жулдуз, Жулдыз, Жұлдызай; Жумагулов ~ Жумакулов ~ Жұмагул ~ Жұмагул ~ Жұмагұл ~ Жұмагұлұлы ~ Жұмақұл* т.б. жазылуы жарыспалы есімдер бар. Біздің зерттеулеріміз бойынша ең көбі 13 түрлі нұсқаға жетіпті. Тілде тұрақтанған дәстүрлі есімдердің ең кемі екі түрлі жазылады екен. Оларды біріздендіру алдымызда тұрған күрделі мәселелердің бірі.

Біріздендіруді жүзеге асыру барысында алдымыздан түрлі мәселелер туындауы мүмкін. Өйткені, кісі есімі әр адамның өзіне берілген, ешкімнің ортағы жоқ құндылығы, сондықтан оны қалай қолдану мен қалай ұсыну еркі әркімнің өзінде. Есімінің жазылу ерекшелігі де жеке адамдардың құқығымен тікелей байланысты. Қалай дұрыс деп тапса, солай жазады. Кешегі тәуелділік тұсында сырттан жасалған түрлі ықпалдар арқылы сол құқыққа қол сұғылды. Нәтижесінде көптеген есімдер нормадан ауытқып және сол ауытқу норма ретінде танылды. Қате жазылудың ұзақ уақыттар бойы қолданысымызда сақталуы көпшілікті оның «дұрыстығына» сендірді. Келмеске кеткен жүйенің артында қалған әліпби Тәуелсіздік тұсында да сол қалыбынан өзгерген жоқ. Тұтастай бірнеше буын өкілдерінің қалыптасқан қате көзқарастары алдағы уақытта

аты-жөннің дұрыс жазылу нормасын белгілеуде кедергілер тудыруы мүмкін. Өйткені әркімнің аты-жөні өзіне ыстық, оның құрамындағы әр дыбыстың орны ерекше. Осындай жағдайда әуелгі алдыға қойылған межеден ауытқымай, көздеген мақсатқа тура жету алдымызда тұрған үлкен сын болып табылады.

Кейде орфографиялық ережелердің бұзылуынан да ой түйетін жағдайлар кездеседі. Мысалы, айтылуы немесе естілуі бойынша жазылғандықтан *Жумур, Жунус, Журсун, Жусун, Жұлдуз* т.б. секілді есімдердің екінші буынында еріндік дыбыстар қолданылды. Ол тек орысша толтырылғанда ғана емес, қазақша нұсқаларында да кездеседі: *Жұмұр, Жүнүс, Жүрсүн, Жүсін, Жұлдұз* т.б. Бұлардың осылай жазылуынан кісі есімдерінің тарихи қалыбына үлкен қайшылық немесе кемшілік-нұқсан келіп тұрмаған секілді. Керісінше айтылуы мен жазылуының жақындауы табиғи болмысын айқындай түседі, басқаша айтсақ буын құрамының ала-құлалығынан кетіп, не жуан, не жіңішке біртұтас сипатқа ие болады. Тарихи қалыптасып, тілде тұрақтанған байырғы тұлғалар қазіргі кезде біртұтас таңба ретінде қабылданады. Олардың бір буынын еріндік, екіншісін езулік дыбыстарды таңбалайтын әріптермен жазудан ұтылмасақ, ұтпайтынымызды тәжірибе барысы көрсетіп отыр. Біз күткендей бірінші буындағы еріндік екінші буынға емес, керісінше екінші буындағы езулік бірінші буынға ықпа етіп, *Жмыр, Жніс, Жрсін, Жсін, Жлдыз* т.б. болып, еріндік дыбыстардың элизияға ұшырауы байқалады. Осыдан келіп кісі есімдеріне қатысты қолданылып жүрген жазу нормасына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды.

Сол секілді араласып жүрген заңдылықтардың келесі бірі дыбыстардың қатандануы мен ұяғдануына қатысты. Соның ішінде *қ, к, ғ, ғ* тарихи тұрғыдан бір дыбыстың жуан, жіңішке, қатаң, ұяң нұсқалары. Олардың ауысуынан мағына өзгермейді. *Ағайдар, Ағжан, Ағыбай, Ағмантай, Ағыс, Амангелді, Бегім, Бегарыс, Ботагөз* т.б. көпшілігінде түбірдегі дыбыстың ұяң нұсқасы жазылып жүр. Жазылуы бойынша айтуға ден қойылатын қазіргі қолданыс барысы *Ақмарал, Ақерке, Ақжан, Бақжан* т.б. түрінде жазу көптеген кісі есімдерінің өзіндік айтылу әуезі мен көркемдігіне кері ықпал ететінін көрсетіп отыр.

*Күнә, күмән, күмәжнік* секілді сөздерде болмаса, екінші буында жазыла бермейтін *ә* әрпінің жағдайы кісі есімдерінің басында да кездеседі. *Әлия, Жәния, Сәния, Әлима, Кәмила, Әсия, Күлия, Ләззат* т.б. соңында не екінші буынында *ә* дыбысы айтылады, жазылуда тек *Күләш, Күлән, Күләсия* т.б. секілді сирек есімдерде болмаса, бұл ескерілмейді («Ләззаттың» құрамындағы айтылуда жоқ екі дыбыстың қатар жазылуы дұрыс па?). Оның үстіне жаңа әліпбиде *я* әрпі жоқ, сондықтан олардың ішінде *Ғалия, Қалия, Сағия, Бағия, Нұрия* т.б. жуан дыбысталатын түрлері ажыратылып, әрқайсысы өз орнына қойылуы тиіс.

Кісі есімдерін жазу ережелеріне өзгерістер енгізу ғылыми болжам-тұжырымнан туындап отырған пікір емес, өмірдің өз сұранысы. Бектіліп, қалыптасып қалған ережелерге қайшы болса да, солай жазылып,

рәсімделуінде белгілі бір себеп бар екені байқалады, сонымен қатар одан ешқандай кемшілік көрініп тұрған жоқ. Сондықтан, жаңа әліпбиге көшер алдында бұл заңдылықты да жан-жақты қарастырып, ойласып, бір тоқтамға келіп алғанымыз дұрыс.

4. Азаматтардың тегінің соңына жалғанатын қосымшалардың бірізді жазылу үлгілерін қалыптастыру керек. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда аты-жөн ауыстыру мүмкіндігі туғаннан кейін көп зиялыларымыз аты-жөнін қазақшалағаны белгілі. Алайда тегін таңдауда бірізділік болмай, кей зерттеушілердің анықтауы бойынша 16 түрлі нұсқасы пайда болыпты. Солардың ішінде негізінен ов, ин қосымшаларынсыз және ұлы, қызы нұсқалары ресми тіркелді. Халықтың көп бөлігі қазір ов қосымшасында қалып отыр. Қолданыстардағы фамилиялардың жазылуына қарғанда өзгерту кезінде ұлы, қызы қосымшалары қате жазылып кеткен аты-жөндер кездеседі: *Бағланулы, Әбдішүкірұлы немесе Бағдатқызы, Алиқизи, Ануарбеккизи, Ануарбеккызы, Ануарбекқызы* т.б.

5. Жаңа әліпбидегі әр әріптің өзіндік орны мен таңбалау мүмкіндіктерін анықтау мәселесі. Тілімізде көптеген есімдер орыс тілінің заңдарына қарай бейімдеуден қателермен немесе қазақ тілінде жоқ дыбыстармен жазылып кеткен. Жаңа қабылданған әліпби нұсқасында ол әріптер жоқ, сондықтан ондай есімдерге өзгерістер енгізуге тура келеді. Осыған байланысты құқықтық, әлеуметтік мәселелер күн тәртібіне шығады. Құқықтық органдар арқылы алынатын құжаттардағы кісі есімдерінің дұрыс, жаңа әліпби талаптарына сәйкес болуы аса маңызды мәселе болып табылады. *Юсупұлы, Якуб, Яқия, Ясинұлы, Дюсенгажыұлы* т.б. секілді есімдер құрамында ю, я әріптері бар, ал қазақ тілінде ондай дыбыстардан басталатын сөздер де жоқ. Дұрысы *Жүсіпұлы, Жақын, Жақия, Йасын, Дүйсенгажы* болуы тиіс еді. Алайда, қазірге дейінгі қалыптасқан жалпы жағдайға байланысты *Йақия, Йасын* нұсқалары да тілде дағдыға айналып отыр, сонымен қатар осылай компьютерлік бағдарлама ауыстырып бергенмен, *Йусуп, Йакуб* есімдері қате жазылған күйінде қала беруі мүмкін. Бұл тіліміздің нормасына қайшы мәселе. Сондықтан қалай болғанда да антропонимдік қордағы есімдердің жазылу нормасын белгілеуде жазылуы мен айтылуы нормаланған айқын түрлерін болмаса, барлығын бірдей компьютерлік бағдарламаның мүмкіндігіне тапсырып қоя алмаймыз. Жазылу нормасын белгілеуде әрқайсысын бөлек қарауға тура келетін жекелеген есімдер тобы бар. Олардың саны көп болып отыр. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарды қолданбауға байланысты норамадан ауытқыған, тіпті қазақша жазылғанның өзінде граматикалық қателер жіберілген есімдерді бір ізге түсіріп, станарттау күрделі жұмыс екені белгілі. Жаңа әліпбиге көшкенде осыған дейін жіберілген қателерді қайта сол күйінде көшіріп алу, ертеңгі қазақ есімдерінің тағдырына тікелей әсер етуі мүмкін.

6. Әр әріптің таңбалау мүмкіндіктерін және жаңа әліпбидің сапасын анықтау қолданыстағы аты-жөндердің материалдары негізінде

қарастырылды. Жыл сайын оқуға түсетін 30 000-ға тарта түлектің, нақты айтқанда 28914 баланың тізімі алынды, олардың тегін, өз атын және әкесінің атын бөлек қарағанда барлығы 77461 есім шықты. Әрине ішінде жүздеп қайталанатындары мен өзге ұлт өкілдерінің есімдері де бар, алайда жазылу ерекшеліктеріне байланысты қазір біразы түрлі нұсақаларда нормаланып қалған, сондықтан шығу тегінің бір екеніне қарамай, оларды түрлі есімдер ретінде таңбалауға тура келетін жағдайлар кездеседі. Қазіргі алдымызда тұрған міндет – әуелі осылардың ішінен қазақ есімдерін жинақтап, жазылу нормаларын белгілеу. Қолданыстан алынғандықтан олар аты-жөн рәсімделуінің қазіргі жағдайынан нақты ақпараттар бере алады. Осы тізімнен А, Ә дыбыстарынан басталатын **1390** есімді кирилл және латын әріптерімен жазып көрдік. Санағанда кирилл қаріптерімен – **9542**, латын қаріптерімен – 10886 таңба қолданылатыны анықталды. Айырмашылық, яғни **1344** таңба артық қолданылатыны белгілі болыр отыр. Осы айырмашылықтарды ескерер болсақ, әліпби жасау ісінде бір дыбысқа бір таңба принципінің қаншалықты маңызды екенін шамалаймыз. Әсіресе Ai'dyngali'evi'c', Ai'jari'q, A'bi'bylla, A'bsa'lim, A'bsei'it т.б. секілді есімдерді жазу ауырлай түседі әрі мәтін ішінде қатар келіп қалған жағдайда оқылуы да қиындайды, бір есім мен екіншісінің арасын ажырату біраз бөгелуді талап етеді. Мысалы, егер бірінші буынның жіңішкелігіне қарай соңғы буынды да ыңғайлап жазатын болсақ, A'si'i'a' (Әсийә), A'li'i'a' (Әлийә) есімінде бес әріп орнына тоғыз таңба басылады екен, Ai'da'u'gen (Айдәурен) есімінде 8 орнына 11 әріп жазылады. Ілгеріде келтірілген сандардағы айырмашылық жаңа әліпбиді жетілдіре түсу қажет екенін көрсетеді.

7. Жаңа әліпби құрамындағы әріптердің мүмкіндігі шегінде азаматардың аты-жөнін жазуды транслитерациялау мәселесі. Мемлекет латын әліпбиіне көшкенде құжаттар да жаңаша толтырылады. Қазақстанда тұратын ұлттардың аты-жөні де осы жазу бойынша жазылатын болады. Бұрынғы әліпби құрамындағы әріптердің саны 42 болса, соңғысында ол 32-ге қасқарды. Қазақ тіліне жат дыбыстар аралас жүргенмен, бұның өзі жазу жүйесіне біршама жеңілдік әкеліп отыр. Атап айтқанда й, ь, ё, ю, я, ц, э, һ, щ әріптері енді қолданыста болмайды. Осы орайда әріптер санының қысқаруынан өзге ұлт өкілдерінің есімін таңбалауда қиындықтар туындамай ма? деген сұрақтың туындауы заңды. Тіл саласының мамандарына белгілі бұл әріптер таңбалайтын дыбыстар тіл жүйесінде аса маңызды рөл атқармайды, сондықтан өзге ұлт аты-жөндерін қазақ әліпбиіне транслитерациялауда қиындық тумайтыны анық. Соның ішінде орыс есімдеріне қатысты туындайтын мәселелер аз, өйткені олардың негізінен барлығы стандартталған. Жаңа қазақ әліпбиінде де транслитерациясына қайшы келетін ерекшелік жоқ, орыс тілінің дыбыстық нормасын сақтауға мүмкіндігі жеткілікті.

Жаңа әліпби қазақ тілінің, соның ішінде қазақ есімдерінің де жоғалтқанын қайтаратын, барын толықтыратын, сөйтіп ұлттық есімдеріміздің төл болмысын қайта жаңғыртатын құрал болады деп

күтілуде. Сондықтан ұлттық тілдің бейнесін сомдауға оның мүмкіндігі толық жетуі тиіс деп ойлаймыз. Соңғы ұсынылған әліпбидің өзіндік жетістіктері бар екенін ескере отырып, мына бір мәселелерді де назарда ұстап, мүмкін болса толықтырып жіберу тралы ұсынысымыз бар. Біріншіден, әлем елдері сөйлеп жатқан халықаралы тілмен, тіпті өзге елдердің ауыр ықпалына түспеген әзірбайжан, өзбек тілдері мен қазақ тілінің жағдайын салыстыруға болмайды. Сондықтан, қазақ әліпбиінде бір дыбысқа бір таңба принципі қатаң сақталуы тиіс. Олай етпеген жағдайда, қазіргі жылдамдыққа баса мән берілетін ақпараттық заманда кейбір дыбыстарымыздан айрылып қалуымыз мүмкін. Әсіресе ә (a'), ғ (g'), ң (n'), ө (o') дыбыстарына қауіп төніп тұрған секілді көрінеді. Өйткені бұл дыбыстарды жастар арасында қазірдің өзінде а, г, н, о түрінде айту дағдыға айналып қалды. Екіншіден, Ai'dyngali'evi'c', Ai'jari'kovna, Ai's'a, A'bi'bylla, A'bsa'lim, A'bsei'it, A'li'i'a', т.б. секілді есімдерді жазу ауырлай түседі әрі мәтін ішінде қатар келіп қалған жағдайда оқылуы да қиындайды, бір есім мен екіншісінің арасын ажырату біраз бөгелуді талап етеді. Мысалы, егер бірінші буынның жіңішкелігіне қарай соңғы буынды да ыңғайлап жазатын болсақ, A'si'i'a' Әсийә есімінде бес әріп орнына тоғыз таңба басылады екен. Бұл «рухани жаңғыру» талаптарында арнайы ескертілген мәселе.

Келесі бір назарда ұсталатын жағдай қазіргі кезде Республикамыздың антропонимдік кеңістігінде тек қазақ есімі ғана емес, Қазақстан халқының баршасына ортақ есімдер қоры қалыптасып келеді. Ол бірер жылдың көлемінде ғана емес, арысы дәстүр мен тарих ортақтығына, берісі наным-сенім мен дін ортақтығына, ал бүгінгісі біртұтас Қазақстан аумағының ортақтығына байланысты ерте дәуірлерден жалғасып келе жатқан табиғи түзіліс болып табылады. Сондықтан, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының талаптарына сәйкес латын әліпбиінің аясында ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, біртұтас Қазақстан халықтары есімдерінің нормасын белгілеу міндеттері туындайды. Біз өзіміздің зерттеу бағытымызға байланысты соның ішінде қазақ есімдерінің жазылуына назар аударамыз. Кісі есімдері жеке адамдардың қалауымен таңдалады және оның мағынасын бір тілден екінші тілге аудару талап етілмейді, сондықтан құрамының күрделілігіне қарамай біртұтас тұлғасымен бір тілден екіншісіне оңай ауысып жүре береді. Бұл тарихи заңдылық, тек сол заңдылықты реттеп отыратын дыбыстық тұлғаның қалыбы назардан тыс қалмауы тиіс. Бүгінгі күн талабы тұрғысынан алғанда аталған топтағы есімдердің ішінен қазақ баласына қойылған, қойылмағанына қарамай, *тарих, дәстүр, діни сенім, мәдениет* сабақтастығы шартына сәйкес есімдердің қазақша жазылу нормасы белгіленуі тиіс. Ол бүгінгі күнмен қатар алдағы болашақ үшін де аса маңызды. Дүниеге келген балаларға жаңадан қойылатын есімдердің дұрыс жазылуын бақылау белгілі бір ережелерге немесе сөздіктер бойынша жазылу үлгілеріне сүйенуді талап етеді. Сондықтан Қазақстан

азаматтарының аты жөнін рәсімдеудің емле, ережелері және арнайы сөздігін құрастыру жұмыстарын осы бастан қолға алуымыз керек.

Сөз соңында алдағы атқарылатын жұмыстардың барысы бойынша жүзеге асыруды талап ететін мынандай міндеттерді атап өтпекпіз:

- Қазақстан азаматтарының аты-жөндерін латынға негізділеген қазақ әліпбиіне көшірерде «Рухани жаңғырудың» алдымызға қойып отырған талаптарын қатаң басшылыққа алу;

- Қазақстан азаматтарының аты-жөні бойынша дайындалған тізімді барынша толықтыра түсу;

- Қазақстан азаматтарының аты-жөнін жазуда кеткен кемшіліктерді іс жүзінде жолға қою;

- Жаңа әліпбидің бекітілген нұсқасының жетістіктері мен кемшіліктері бойынша тәжірибе көрсеткіштері бойынша нақты пікірлер ұсыну;

- Жаңа әліпбиді қолданғанда азаматтардың аты-жөнінің біртұтастығын назарға алу;

- Қолданыстан алып Қазақстан азаматтары аты-жөнінің біртұтас сөздігін дайындау.

#### **4-бөлім. ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ОНИМДЕРДІҢ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР**

*Жалпы кіріспе бөлімі.* Қазақстанда төл жазуы латын әліпбиіне көшкеннен кейін де екінші ресми тіл орыс тілі кирил жазуында қала бермек. Алайда еліміздегі орыс тіліндегі жер-су, елді мекен атаулары мен орыс аты-жөндері міндетті түрде жаңа латын әліпбиінде транслитерациялануға мәжбүр. Өйткені қазақ тілді ақпараттық кеңістікте орыстілді ономастикалық атаулар кеңінен қолданылады, күнделікті ақпараттық айналымда болады. Кирил графикасындағы орыс тілінің Ресейде арнайы романдау, латынша транслитерациялық жүйесі қолданылады. Біз келешекте сол ресейлік ережеге қаншалықты жүгінеміз, жоқ өз латын жазуымызға бейімдейміз бе? Деген мәселе туындайды. Қазақ латын графикасында таңбалау қажет екендігі күмән тудырмайды, өйткені мәтінде өзге транслитерациялық жүйенің ерекшеліктері көзге ұрып тұрады, оқшауланып көрініп тұрады. Сондықтан Қазақстандағы орыс тілді ономастикалық атауларды қазақ жазуының латын графикасына бейімдеу қажеттілігі туындайды. Оның транслитерациялау принциптері, параметрлері қандай болмақ деген сауалға жауап беру үшін осы проспект жоба аясында орындаушылар Қазақстан Республикасындағы жиі қолданыстағы географиялық атаулары мен елді мекен, кісі аттарының (тегі, аты, отчествосы) тізімін жасап, оларды апострофты латын графикасына транслитерациялап шықты және қиындық, күмән тудыратын тұстары көрсетілді. Мәселен, орыс тілінен кірген кейбір географиялық терминдер мен қазақ және орыс тілінің қатысуымен жасалған күрделі

атауларды жазу үлгісін қарастырды. Кейбір жағдайларда қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, жазу емлесіне икемдестіріп таңбалады.

1. *Орыс тіліндегі құрамында ь графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.*

Мысалы, топоним соңындағы мягкий знак **ь** таңбасын апостроф латиницамен қалай беруге болады, әлде арнайы таңба берілмейді ме? *Глядень - Gli`aden, Белый Камень - Belyi` Kamen* атауларында соңына таман берілген алдыңғы ерінді **е** жіңішке дауысты дыбыс кейінгі **н** дауыссыз дыбысты ұяндатып тұр, ал *Лань - Lan, Вольное - Volnoe* типтегі атаулардағы **а,о** жуан дауысты дыбыстар өзінен кейінгі **н** дыбысын орыс тіліндегідей ұяндатпай тұр. Яғни кері кирилге ретранслитерациялағанда *Лан, Волное* болып жазылады және айтылады. Бұл дегеніңіз, орыс тіліндегі сөздің жазылуы мен айтылуы, түптеп келгенде, түпнұсқа жазылуынан арылып, мекенжайлық қызметі бұзылып тұр. Бұдан шығар қандай жол бар? Еге *Lan*, сөзінің соңына ` (апостроф) белгісін қойсақ, сөз соңын ұяндатады ма? Сондай-ақ, *Полынь - Polyn, Скользящая - Skolzkaï`a* типтегі атаулардың сөз ортасындағы мягкий знак **ь** таңбасын қалай таңбалаймыз, мұндай сөздер қазақ тілінде латын графикасымен таңбалағанда ұяндығынан арылады екен. Апостроф жеке мағынаажыратқыш таңба ретінде ұяндықты бере ала ма орыс сөзінде? Осы мәселеге жауап іздеу қажет!

Мысалы, белорус тілінде мягкий знак белгісі қатысты әріптің төбесіне диакритикалық таңба(´) қою арқылы беріледі екен, мысалы, *дзь - dź, зь - ź, ль - ł, нь - ŋ, сь - ś, ць - ć: Агародня-Кузьмініцкая - Aharodnia-Kuźminickaia.*

Бір нұсқа ретінде Қазақстанның орыс тіліндегі жер-су атауларындағы мягкий знак белгісі осындай диакритикалық таңбамен берілсе қолайлы болар еді дейміз.

*Артём* типтес орыс антропонимдері 2015 жылғы стандарт бойынша *Artem* формасында транслитерацияланса, ішінара енгізілген өзгерістерден кейін *Artiom* формасында жазыла бастады.

#### **4.1 Орыс тіліндегі жалқы есімдердің қазақ латын әліпбиі негізінде транслитерациясы** (Г.Мадиеваның аналитикалық материалы).

**Кіріспе.** В связи с переходом казахского языка на новую графику, возникает много вопросов, связанных с кодификацией и стандартизацией имен собственных. В проблемное поле попадают русские имена собственные, функционирующие как на территории Казахстана, так и на территории России и которые используются в казахских текстах. Следует отметить, что Қазақстандағы екінші ресми тіл орыс тілі кирил жазуында қала бермек. В связи с этим возникает закономерный вопрос: необходимо ли их передавать на латинице? Кирил графикасындағы орыс тілінің Ресейде арнайы романдау, латынша транслитерациялық жүйесі



қолданылады. Біз келешекте сол ресейлік ережеге қаншалықты жүгінеміз, жоқ өз латын жазуымызға бейімдейміз бе? Деген мәселе туындайды. Безусловно, все русские имена собственные, которые включаются в любые письменные тексты на казахском языке, особенно это относится к названиям, распространенным на территории Казахстана, должны передаваться на казахском алфавите, основанном в настоящее время на латинской графике. При передаче с русского языка на латиницу русские имена собственные (топонимы, личные имена, фамилии, отчества, эргонимы, прагматонимы, названия периодической печати и др.), как правило, должны передаваться так, как они звучат в устной/письменной речи в русской культуре. Этот факт является непреложным правилом передачи любых оригинальных собственных имен на языки других лингвокультурных социумов с целью передачи достоверной адекватной формы имен, необходимой для их идентификации и узнаваемости.

В лингвистике для передачи собственных имен с одного языка на другой, в частности, с русского языка на латиницу, используются два подхода: транскрипция и транслитерация. Транскрипция – передача элементов звучащей речи (фонем, аллофонов, звуков) на письме с помощью какой-либо системы знаков, т.е. она основана на фонетическом принципе, в нашем случае, на передаче русских звуков латинскими буквами. Транслитерация – это побуквенная передача отдельных слов и текстов одной графической системы средствами другой системы, т.е. этот процесс заключается в передаче графического образа русского имени, в последовательной передаче букв. Отмечается, что способ транскрипции наиболее правильно передает звучание иноязычных слов, в нашем случае – русских имен, поскольку учитывается их произношение. Тем не менее, в сложных случаях (при отсутствии звуков, например, русского языка в казахском), используют как транскрипцию, так и транслитерацию, а порой и их комбинацию – комбинационный способ передачи.

Для передачи письменного казахского языка принят следующий казахский алфавит, основанный на латинской графике:

№	Написание	Звук	№	Написание	Звук
1	A a	[a]	17	N' n'	[ң], [нг]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[б]	19	O' o'	[ə]
4	D d	[д]	20	P p	[п]
5	E e	[e]	21	Q q	[к]
6	F f	[ф]	22	R r	[р]
7	G g	[г]	23	S s	[с]
8	G' g'	[Ғ]	24	S' s'	[ш]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[т]
11	I' i'	[и], [й]	27	U u	[ү]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[ү]
13	K k	[к]	29	V v	[в]
14	L l	[л]	30	Y y	[ы]
15	M m	[м]	31	Y' y'	[у]
16	N n	[н]	32	Z z	[з]

Следует признать, что расположение отдельных букв настоящего алфавита не соответствует традиционному кириллическому расположению знаков, и даже не английскому и латинскому алфавиту. Например, звук *ф* (используемый в иноязычных словах, например, *кафедра*) разработанного казахского алфавита передается знаком *f* и стоит на 6-й позиции, в кириллице он обозначался буквой *ф* и стоял на 29-й позиции. Звук *г* передается буквой *G g* и стоит на 7-й позиции, тогда как в кириллическом алфавите он стоит на 5-й позиции. Необходимо отметить, что «*G g* – седьмая буква базового латинского алфавита, называется в латинском и немецком языках «гэ», во французском языке – «жэ», в английском языке – «джи», в испанском языке – «хе»» [<https://ru.wikipedia.org/wiki/G>]. Из этого следует, что данная буква обозначает разные звуки в разных языках, несмотря на то, что основу многих европейских языков составляет классический латинский алфавит, состоящий из 23 букв. Звук *жс* (используемый, например, в слове *жоба*) в

кириллице стоял на 10-й позиции, тогда как в алфавите на латинице он занимает 12-е место. Звук **в**, стоявший на 4-м месте в кириллице, в новом алфавите занимает 29-ю позицию, звук **з** занимает в настоящем алфавите 32-ю позицию, в старом – 11-ю и т.д. Это свидетельствует не только о полной смене порядка расположения букв кириллицы, но и во внешнем представлении нового алфавита, что связано с его визуальным восприятием.

Безусловно, что русские названия, появляющиеся по мере необходимости в казахском тексте – различных официальных/ неофициальных документах, географических картах, атласах, справочниках, словарях разного вида, жанра, типа, СМИ, копирайтинговых/реерайтинговых текстах и т.п., следует передавать на латинской графике. Известные Инструкции по передаче названий с одного языка на другой, рекомендации заседаний комитетов по созданию национальных справочников географических названий, включают такие вопросы, как «подготовка карт, справочников географических названий, руководящих принципов по вопросам топонимии и веб-сайтов» на соответствующих языках (<http://context.reverso.net>).

Қазақ латын графикасында таңбалау қажет екендігі күмән тудырмайды, өйткені мәтінде өзге транслитерациялық жүйенің ерекшеліктері көзге ұрып тұрады, оқшауланып көрініп тұрады. Сондықтан Қазақстандағы орыс тілді ономастикалық атауларды қазақ жазуының латын графикасына бейімдеу қажеттілігі туындайды. Оның транслитерациялау принциптері, параметрлері қандай болмақ деген сауалға жауап беру үшін осы prospect жоба аясында орындаушылар Қазақстан Республикасындағы жиі қолданыстағы географиялық атаулары мен елді мекен, кісі аттарының (тегі, аты, отчествосы) тізімін жасап, оларды апострофты латын графикасына транслитерациялап шықты және қиындық, күмән тудыратын тұстары көрсетілді. Мәселен, орыс тілінен кірген кейбір географиялық терминдер мен қазақ және орыс тілінің қатысуымен жасалған күрделі атауларды жазу үлгісін қарастырды. Кейбір жағдайларда қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, жазу емлесіне икемдестіріп таңбалады.

Анализ принятого в Казахстане алфавита казахского языка дает основание утверждать, что отдельные буквы русского алфавита, которые передают специфические звуки русского языка, в этом алфавите не представлены. Это – ѐ, й, ц, щ, э, ю, я, ь.

#### **4.1.1 Топонимдер**

- 1. Орыс тіліндегі құрамында ѐ графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.*

Особую сложность составляет начертание буквы ѐ, которая в русском языке обозначает двойной звук йо и дифференцирует лексическую или

грамматическую семантику. По правилам русской орфографии букву **ё** рекомендуется употреблять в следующих случаях:

1. для правильного опознания слова, напр.: всё, небо, летом, совершенный (в отличие соответственно от слов все, небо, летом, совершенный);

2. для указания правильного произношения слова (редкого, недостаточно хорошо известного, или имеющего распространённое неправильное произношение), напр.: сёрфинг, флёр, твёрже, щёлочка;

3. для указания правильного ударения в слове, напр.: приведённый, унесённый, осуждённый, новорождённый, ведро, узнаём (в отличие от ведро́, узнаём);

4. в собственных именах – фамилиях, географических названиях, напр.: Конёнков, Неёлова, Дежнёв, Кошелёв, Вёшенская, Олёкма («Правила русской орфографии и пунктуации», 1956 г., новая редакция 2006 г.).

Неверное написание имени собственного без буквы **ё** ведет к неверному его озвучанию и неправильному толкованию. Например, фамилии *Хрущёв*, *Горбачёв*, *Королёв* по-английски передают как *Khrus(h)chev*, *Gorbachev* и *Korolev*. В случае ретранслитерации они будут написаны в форме *Хрущев*, *Горбачев*, *Королев*. Правильно они должны передаваться в русской латинице как *Khrushchyov* (*Hruščëv*, *Hrušëv*), *Gorbachyov* (*Gorbačëv*), *Korolyov* (*Korolëv*) и т.п., в зависимости от применяемого способа транслитерации.

В русской орфографии отмечается, что «буквы **я**, **е**, **ё**, **ю** выполняют две функции:

• **после согласного** они сигнализируют о том, что предшествующая согласная буква обозначает мягкий согласный звук:

*Сяду* [с'áду], *сел* [с'эл], *сёл* [с'ол], *сюда* [с'уда];

• **после гласных букв**, в начале слова и после разделительных **ъ** и **ь** эти буквы обозначают два звука – согласный [ **ј** ] и соответствующий гласный:

**Я** – [ja], **е** – [jэ], **ё** – [jo], **ю** – [ju].

Например:

1. после гласных: *жуёт* [жујот], *бреют* [бр'эјут];

2. в начале слова: *ел* [jэл], *як* [jак];

3. после разделительных **ъ** и **ь**: *съел* [сјэл], *вьюн* [в'јун]».

Анализ и поиск наиболее адекватной передачи этих звуков графемами латиницы дает основание дифференцировать их. Так, букву **ё** в казахской латинице возможно передавать следующим образом:

а) буквой **О' о'**, передающей казахский звук **ө**, в случае, если **ё** стоит после согласных внутри слова, согласные звуки перед **ё** смягчаются с помощью апострофа ('), например: *Озерное* – *Оз'о'рное* (вместо

OZIORNAI'A), Орёл – Or'o'l (вместо ORIOL), Чёрная – C'o'rnaï'a (но не C'ERNAI'A);

б) сочетанием букв **Г'о' і'о'**, если звук **ё** стоит в начале слова, например: Ёлки – Г'о'łki'.

2. Орыс тіліндегі құрамында **й** графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.

Звук **й** передан в казахском алфавите так же, как звук **и** – Г' і', например: название **Йошкар-Ола** (город в России, столица Республики Марий Эл) передается на казахской латинице как **Г'os'kar-Ola** и название г. **Ижевск** как **Г'jevsk**. Географические названия с компонентом, в котором имеется этот звук, также передаются графическим знаком **і'** – **Belyi' holm** (Белый холм). В связи с этим могут возникать проблемы с произношением русских топонимов, в которых имеется звук **й**, и, как следствие, с его идентификацией.

3. Орыс тіліндегі құрамында **ц** графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.

В русском языке буква «ц» произносится почти всегда твёрдо перед звуками [а], [о], [у] и чуть смягчённо перед [э] и [и]. В казахском алфавите в новой редакции звука **ц** нет. В русской латинице этот звук передается буквой **с**. В связи с тем, что в казахской графике буква **с** в чистом виде без апострофа не задействована, то русский звук **ц** можно передать при помощи этой буквы, например: *Цыганка* – *Suganka* вместо *Tsuganka*, *Калмыцкий Ключ* – *Kalmyski'i' Kl'y's'* вместо *KALMYTsKI' KL'Y'S'*.

4. Орыс тіліндегі құрамында **щ** графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.

Буква **щ** используется в ряде славянских кириллических алфавитах. Она занимает 27-ю позицию в русском алфавите и в литературном произношении обозначает долгий мягкий шипящий звук [ш'ш'], но встречаются также краткое мягкое [ш'], диалектное [шш] и устаревшее [ш'ч']), в болгарском алфавите занимает 26-ю позицию и произносится как [шт], в украинском алфавите эта буква является 30-й, но произносится как твёрдое [шч]) и т.д. В русском языке достаточно часто встречаются топонимы со звуком **щ**, например: *Щебенюха*, *Щебнюшка*, *Щелочиха*, *Щипалка*, *Щучье* и т.п. Этот звук является долгим мягким звуком [ш'ш'], но встречается также краткое мягкое [ш']. Этот звук следует отличать от звука, который обозначается буквой **ш**. В русской латинице этот звук обозначается **Šš šč**, тогда как **ш** – **Š š**. Для того, чтобы избежать неправильного произношения, следует звук **щ** обозначать при помощи имеющихся в новом казахском алфавите букв – **s'c'**: *Щучье* – *S'c'y'c'i'e*, *Щипалка* – *S'c'i'palka* (но не S'IPALKA, будет произноситься как Шипалка).

5. Орыс тіліндегі құрамында **ю** графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.

В пункте 1 было отмечено, что буква **ю** выполняет две функции:

• **после согласного** она сигнализируют о том, что предшествующая согласная буква обозначает мягкий согласный звук: *сюда* [с'уда];

• **после гласных букв**, в начале слова и после разделительных **ъ** и **ь** эта буква обозначает два звука – согласный [ j ] и соответствующий гласный: [ju].

Например:

1. после гласных: *бреют* [бр'эют];

2. в начале слова: *юла* [јула];

3. после разделительных **ъ** и **ь**: *вьюн* [в'јун].

В русских топонимах этот звук встречается достаточно часто и на казахской латинице можно передать имеющимися в современном алфавите сочетаниями букв в следующих случаях:

• в начале слова как Г'у': *Юртово* – Г'у`rtovo

• в самом слове после согласной, которая обозначена как мягкая с помощью апострофа ('), как у': *Афонин Ключ* – Afoni'n Kl'y's', *Горюша* – Gor'y's'a.

6. *Орыс тіліндегі құрамында **я** графемасы бар жер-су аттарының жазылуы*

В русском языке буква я обозначает звук, который произносится после мягкого согласного или сочетание звуков – согласный [ j ] и гласный [ а ], выполняя две функции:

• **после согласного** она сигнализирует о том, что предшествующая согласная буква обозначает мягкий согласный звук:

*мял* [м'ал];

• **после гласных букв**, в начале слова эта буква обозначает два звука – согласный [ j ] и гласный [ а ],

Например:

1. после гласных: *маяк* [мајак];

2. в начале слова: *яма* [јама].

Русские топонимы с этими звуками следует передать с помощью имеющихся в казахском алфавите буквами: *Яровка* – Г'arovka, *Четверяков Лог* – С'etver'akov Log (но не С'etveri'akov Log).

7. *Орыс тіліндегі құрамында **ь** графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.*

В русском языке согласные звуки дифференцируются по твердости – мягкости в отличие от казахского языка, в котором по критерию твердости – мягкости в соответствии с законом сингармонизма различаются гласные звуки. На письме в русском языке мягкость согласного обозначается с помощью мягкого знака – **ь**: *Пальгов* (Талғар ауд.), *Полынь* (Жаңаарқа ауд.), *Лань* (Айыртау ауд.) и др. Топоним ішінде немесе соңындағы мягкий знак **ь** таңбасын латиницамен қалай беруге болады, әлде арнайы таңба берілмейді ме? *Белый Камень* – Belyi` Kamen атауында соңына таман берілген алдыңғы ерінді **е** жінішке дауысты дыбыс кейінгі **н** дауыссыз дыбысты ұяндатып тұр, ал *Пальгов* – Palgov,

*Полынь* – *Polyn*, *Лань* – *Lan*, *Вольное* – *Volnoe* типтегі атаулардағы **а, о, ы** жуан дауысты дыбыстар өзінен кейінгі **г, н** дыбысын орыс тіліндегідей ұяңдатпай тұр. По закону сингармонизма эти слова на казахском языке будут произноситься как твердые. В связи с этим кері кирилге ретранслитерациялағанда *Белый Камен*; *Палгов*, *Полын*, *Лан*, *Волное* болып жазылады және айтылады. Бұл дегеніңіз, орыс тіліндегі сөздің жазылуы мен айтылуы, түптеп келгенде, түпнұсқа жазылуынан арылып, мекенжайлық қызметі бұзылып тұрады. Бұдан шығар қандай жол бар? Егер *Lan*, сөзінің соңына **́** (апостроф) белгісін қойсақ, сөз соңын ұяңдатады ма? Сондай-ақ, *Полынь* – *Polyn*, *Скользкая* – *Skolzkai`a* типтегі атаулардың сөз ортасындағы мягкий знак **ь** таңбасын қалай таңбалаймыз, мұндай сөздер қазақ тілінде латын графикасымен таңбалағанда ұяңдығынан арылады екен. Апостроф жеке мағынаажыратқыш таңба ретінде ұяңдықты бере ала ма орыс сөзінде?

Алайда кісі есімдеріне, географиялық атауларға қатысты орыс тілінің латын графикасында транслитерациялаудың соңғы жылдардағы ереже-нұсқаулықтарында мягкий знак- **ь** белгісі мүлдем қолданылмай тастаған, мысалы, *Olga* – *Ольга*, *Volnoe* – *Вольное*. Қазақстан аумағында жартысы қазақша, жартысы орысша атаулар, қосөзді күрделі атаудың алғашқы сыңары орыс тіліндегі сын есіммен кездесетін жағдайлар, яғни гибрид атаулар бар екендігін айту керек. Мысалы, *Светлый Жаркөл*, *Күріш Даласы разъезы*, *Правый Усть-Қалжыр*, *Никольско-Бурлықское*, *Зааятская*. Мұндай типтегі тіларалық интерференция нәтижесінде пайда болған топонимдердің өзіндік орфографиялық, емлелік ерекшелігі қалыптасқан, сондықтан оларды орыс және қазақ тілі нормаларын қолдана отырып, зерттеу керек. Бұл болашақ ойланатын, ғылыми негізін анықтайтын мәселе Осы мәселеге жауап іздеу қажет!

Мысалы, белорус тілінде мягкий знак белгісі қатысты әріптің төбесіне диакритикалық таңба ( **́** ) қою арқылы беріледі екен, мысалы, *дзь - dź, зь - ź, ль - ł, нь - ń, сь - ś, ць - ć: Агародня-Кузьмініцкая - Aharodnia-Kuźminickaја*.

Бір нұсқа ретінде Қазақстанның орыс тіліндегі жер-су атауларындағы мягкий знак белгісі осындай диакритикалық таңбамен берілсе қолайлы болар еді дейміз.

Можно предложить и другой вариант: поскольку в новой латинице активно используется апостроф, а в международной транскрипции мягкость согласного или гласного также передается с помощью апострофа, то в связи с этим вполне возможно обозначать мягкость согласного в русских именах собственных при помощи апострофа ( **́** ): Ельск – El’sk. В этом случае подобные имена собственные будут произноситься так, как в языке-оригинале, без фонетических искажений. Нами разработана таблица, в которой буквы русского алфавита передаются современной графикой казахского языка:

Проект Приложения  
к Инструкции по транслитерации  
русских географических названий  
буквами латинского алфавита

Таблица транслитерации букв русского алфавита  
буквами латинского алфавита казахского языка

<b>Буква русского алфавита</b>	<b>Соответствующая буква латиницы</b>	<b>Примеры транслитерации русских географических названий</b>
А а	A a	Азов – Azov
Б б	B b	Бобровск – Bobrovsk
В в	V v	Воркута – Vorkuta
Г г	G g	Гомель – Homiel', Гаўя - Найја
Д д	D d	Добруш – Dobrus'
Е е	E e	Елабуга – Elabuga Ельск – El'sk, Бабаево – Babaevo
Ё ё	O' o'	Молодёжный – Molod'o'jni'
	Г'o' i'o'	Йошкар-Ола – Г'o's'kar-Ola
Ж ж	J j	Железинск – Jelezinsk
З з	Z z	Изумрудный – Г'zumrudnyi'
И и	Г' i'	Иваново – Г'vanovo
Й й	Г' i'	Йошкар-Ола – Г'os'kar-Ola Лагойск – Lagoi'sk
К к	K k	Круглое – Krugloe
Л л	L l	Лосиха – Losi'ha
М м	M m	Мохнатка – Mohnatka
Н н	N n	Николаева – Ni'kolaeva
О о	O o	Орлова – Orlova
П п	P p	Петрова – Petrova
Р р	R r	Рулиха – Ry'li'ha
С с	S s	Самсоновка – Samsonovka
Т т	T t	Таволжанка – Tavoljanka
У у	Y' y'	Уварово – Y'varovo
Ф ф	F f	Фаткина – Fatki'na
Х х	H h	Халзан – Halzan
Ц ц	C c	Церковка – Cerkovka
Ч ч	C' c'	Черногорка – C'ernogorka
Ш ш	S' s'	Шматова – S'matova
Щ щ	S'c' s'c'	Щебнюха – S'c'ebn'y'ha
Ы ы	Y y	Рассыпная – Rassypnai'a
Ь ь		Шульбинка – S'yul'bi'nka
Э э	E e	



Ю ю	Г'у' і'у'	Юртово – Г'у`rtovo
Я я	Г'а і'а	Яровская Сопка – Г'arovskai'a Sopka

#### 4.1.2 Антропонимдер

1. Орыс тілінің құрамында ё графемасы бар кісі аттарының жазылуы.

В собственных именах – фамилиях, географических названиях, напр.: Конёнков, Неёлова, Дежнёв, Кошелёв, Вёшенская, Олёкма («Правила русской орфографии и пунктуации», 1956 г., новая редакция 2006 г.).

Неверное написание имени собственного без буквы ё ведет к неверному его озвучанию и неправильному толкованию. Например, фамилии Хрущёв, Горбачёв, Королёв по-английски передают как *Khrus(h)chev*, *Gorbachev* и *Korolev*. В случае ретранслитерации они будут написаны в форме *Хрущев*, *Горбачев*, *Королев*. Правильно они должны передаваться в русской латинице как *Khrushchyov* (*Hruščëv*, *Hrušëv*), *Gorbachyov* (*Gorbačëv*), *Korolyov* (*Korolëv*) и т.п., в зависимости от применяемого способа транслитерации.

В русской орфографии отмечается, что «буквы **я, е, ё, ю** выполняют две функции:

- **после согласного** они сигнализируют о том, что предшествующая согласная буква обозначает мягкий согласный звук:

*Сяду* [с'аду], *сел* [с'эл], *сёл* [с'ол], *сюда* [с'уда];

- **после гласных букв**, в начале слова и после разделительных **ъ** и **ь** эти буквы обозначают два звука – согласный [ **ј** ] и соответствующий гласный:

**Я** – [ja], **е** – [jэ], **ё** – [jo], **ю** – [ju].

Например:

1. после гласных: *жуёт* [жујот], *бреют* [бр'эјут];

2. в начале слова: *ел* [j'эл], *як* [j'ак];

3. после разделительных **ъ** и **ь**: *съел* [с'j'эл], *вьюн* [в'j'ун]».

Поиск наиболее адекватной передачи этих звуков графемами латиницы дает основание дифференцировать их. Так, букву ё в казахской латинице возможно передавать следующим образом:

а) буквой **О' о'**, передающей казахский звук **o**, в случае, если ё стоит после согласных внутри слова, согласные звуки перед ё смягчаются с помощью апострофа ('), например: *Озерное* – *Oz'o'rhoe* (вместо OZIORNAI'A), *Орёл* – *Or'o'l* (вместо ORIOL), *Чёрная* – *C'o'rnaï'a* (но не C'ERNAI'A);

б) сочетанием букв **Г'о' і'о'**, если звук ё стоит в начале слова, например: *Ёлки* – *G'o'lki'*.

2. Орыс тіліндегі құрамында й графемасы бар кісі аттарының жазылуы.

Звук **й** передан в казахском алфавите так же, как звук **и** – Г' і', например: название **Йошкар-Ола** (город в России, столица Республики

Марий Эл) передается на казахской латинице как **G'os'kar-Ola** и название г. **Ижевск** как **G'jevsk**. Географические названия с компонентом, в котором имеется этот звук, также передаются графическим знаком **i' – Belyi' holm** (Белый холм). В связи с этим могут возникать проблемы с произношением русских топонимов, в которых имеется звук **й**, и, как следствие, с его идентификацией.

3. *Орыс тіліндегі құрамында **ц** графемасы бар кісі аттарының жазылуы.*

В русском языке буква «ц» произносится почти всегда твёрдо перед звуками [а], [о], [у] и чуть смягчённо перед [э] и [и]. В казахском алфавите в новой редакции звука **ц** нет. В русской латинице этот звук передается буквой **с**. В связи с тем, что в казахской графике буква **с** в чистом виде без апострофа не задействована, то русский звук **ц** можно передать при помощи этой буквы, например: *Цыганка – Cuganka* вместо *Tsuganka*, *Калмыцкий Ключ – Kalmyski'i' Kl'y'c'* вместо *KALMYTsKI' KL'Y'c'*.

4. *Орыс тіліндегі құрамында **щ** графемасы бар кісі аттарының жазылуы.*

Буква **щ** используется в ряде славянских кириллических алфавитах. Она занимает 27-ю позицию в русском алфавите и в литературном произношении обозначает долгий мягкий шипящий звук [ш'ш'], но встречаются также краткое мягкое [ш'], диалектное [шш] и устаревшее [ш'ч']), в болгарском алфавите занимает 26-ю позицию и произносится как [шт], в украинском алфавите эта буква является 30-й, но произносится как твёрдое [шч]) и т.д. В русском языке достаточно часто встречаются топонимы со звуком **щ**, например: *Щебенюха, Щебнюшка, Щелочиха, Щипалка, Щучье* и т.п. Этот звук является долгим мягким звуком [ш'ш'], но встречается также краткое мягкое [ш']. Этот звук следует отличать от звука, который обозначается буквой **ш**. В русской латинице этот звук обозначается **šć šć**, тогда как **ш** – **š š**. Для того, чтобы избежать неправильного произношения, следует звук **щ** обозначать при помощи имеющихся в новом казахском алфавите букв – **s'c'**: *Щучье – S'c`y`c`i'e*, *Щипалка – S'c'i'palka* (но не *S'IPALKA*, будет произноситься как Шипалка).

5. *Орыс тіліндегі құрамында **ю** графемасы бар жер-су аттарының жазылуы.*

В пункте 1 было отмечено, что буква **ю** выполняет две функции:

- **после согласного** она сигнализирует о том, что предшествующая согласная буква обозначает мягкий согласный звук: *сюда* [с'уда];

- **после гласных букв**, в начале слова и после разделительных **ь** и **ъ** эта буква обозначает два звука – согласный [ j ] и соответствующий гласный: [ju].

Например:

1. после гласных: *бреют* [бр'эют];
2. в начале слова: *юла* [јула];

3. после разделительных *ъ* и *ь*: *вьюн* [в'ју́н].

В русских топонимах этот звук встречается достаточно часто и на казахской латинице можно передать имеющимися в современном алфавите сочетаниями букв в следующих случаях:

- в начале слова как *Г'у'*: *Юртово* – *Г'у`rtovo*
- в самом слове после согласной, которая обозначена как мягкая с помощью апострофа ('), как *у'*: *Афонин Ключ* – *Afoni'n Kl'y's'*, *Горюша* – *Gor'y's'a*.

6. *Орыс тіліндегі құрамында я графемасы бар кісі аттарының жазылуы*

В русском языке буква *я* обозначает звук, который произносится после мягкого согласного или сочетание звуков – согласный [ *ј* ] и гласный [ *а* ], выполняя две функции:

• **после согласного** она сигнализирует о том, что предшествующая согласная буква обозначает мягкий согласный звук:

*мял* [м'ал];

• **после гласных букв**, в начале слова эта буква обозначает два звука – согласный [ *ј* ] и гласный [ *а* ],

Например:

1. после гласных: *маяк* [мајак];

2. в начале слова: *яма* [јама].

Русские топонимы с этими звуками следует передать с помощью имеющихся в казахском алфавите буквами: *Яровка* – *Г'arovka*, *Четверяков Лог* – *С'etver'akov Log* (но не *С'etveri'akov Log*).

7. *Орыс тіліндегі құрамында ь графемасы бар кісі аттарының жазылуы.*

В русском языке согласные звуки дифференцируются по твердости – мягкости в отличие от казахского языка, в котором по критерию твердости – мягкости в соответствии с законом сингармонизма различаются гласные звуки. На письме в русском языке мягкость согласного обозначается с помощью мягкого знака – *ь*: *Пальгов* (Талғар ауд.), *Полынь* (Жаңаарқа ауд.), *Лань* (Айыртау ауд.) и др. Топоним ішінде немесе соңындағы мягкий знак *ь* таңбасын латиницамен қалай беруге болады, әлде арнайы таңба берілмейді ме? *Белый Камень* – *Belyi` Kamen* атауында соңына таман берілген алдыңғы ерінді *е* жіңішке дауысты дыбыс кейінгі *н* дауыссыз дыбысты ұяңдатып тұр, ал *Пальгов* – *Palgov*, *Полынь* – *Polyn*, *Лань* – *Lan*, *Вольное* – *Volnoe* типтегі атаулардағы *а*, *о*, *ы* жуан дауысты дыбыстар өзінен кейінгі *г*, *н* дыбысын орыс тіліндегідей ұяңдатпай тұр. По закону сингармонизма эти слова на казахском языке будут произноситься как твердые. В связи с этим кері кирилге ретранслитерациялағанда *Белый Камен*; *Палгов*, *Полын*, *Лан*, *Волное* болып жазылады және айтылады. Бұл дегеніңіз, орыс тіліндегі сөздің жазылуы мен айтылуы, түптеп келгенде, түпнұсқа жазылуынан арылып, мекенжайлық қызметі бұзылып тұрады. Бұдан шығар қандай жол бар?

Егер *Lan*, сөзінің соңына *˘* (апостроф) белгісін қойсақ, сөз соңын ұяңдатады ма? Сондай-ақ, *Полынь – Polyn*, *Скользкая – Skolzkaï`a* типтегі атаулардың сөз ортасындағы мягкий знак **ь** таңбасын қалай таңбалаймыз, мұндай сөздер қазақ тілінде латын графикасымен таңбалағанда ұяңдығынан арылады екен. Апостроф жеке мағынаажыратқыш таңба ретінде ұяңдықты бере ала ма орыс сөзінде?

Алайда кісі есімдеріне, географиялық атауларға қатысты орыс тілінің латын графикасында транслитерациялаудың соңғы жылдардағы ереже-нұсқаулықтарында мягкий знак- **ь** белгісі мүлдем қолданылмай тастаған, мысалы, *Olga – Ольга*, *Volное – Вольное*. Қазақстан аумағында жартысы қазақша, жартысы орысша атаулар, қосөзді күрделі атаудың алғашқы сыңары орыс тіліндегі сын есіммен кездесетін жағдайлар, яғни гибрид атаулар бар екендігін айту керек. Мысалы, *Светлый Жаркөл*, *Күріш Даласы разъезы*, *Правый Усть-Қалжыр*, *Никольско-Бурлықское*, *Зааятская*. Мұндай типтегі тіларалық интерференция нәтижесінде пайда болған топонимдердің өзіндік орфографиялық, емлелік ерекшелігі қалыптасқан, сондықтан оларды орыс және қазақ тілі нормаларын қолдана отырып, зерттеу керек. Бұл болашақ ойланатын, ғылыми негізін анықтайтын мәселе Осы мәселеге жауап іздеу қажет!

Мысалы, белорус тілінде мягкий знак белгісі қатысты әріптің төбесіне диакритикалық таңба (˘) қою арқылы беріледі екен, мысалы, *дзь - dź*, *зь - ź*, *ль - ł*, *нь - ń*, *сь - ś*, *ць – ć*: *Агародня-Кузьмініцкая - Aharodnia-Kuźminickaja*.

Бір нұсқа ретінде Қазақстанның орыс тіліндегі жер-су атауларындағы мягкий знак белгісі осындай диакритикалық таңбамен берілсе қолайлы болар еді дейміз.

Можно предложить и другой вариант: поскольку в новой латинице активно используется апостроф, а в международной транскрипции мягкость согласного или гласного также передается с помощью апострофа, то в связи с этим вполне возможно обозначать мягкость согласного в русских именах собственных при помощи апострофа (˘): Ельск – El˘sk. В этом случае подобные имена собственные будут произноситься так, как в языке-оригинале, без фонетических искажений.

### **Правила транслитерации**

1. В русском языке гласные **е, ё, ю, я** – это йотированные гласные. В связи с этим эти гласные передаются в зависимости от позиции в слове разными случаями:

- в начале имени собственного буква е транслитерируется как e-: ЕЛОВКА – ELOVKA;
- в начале имени собственного буквы ё, ю, я транслитерируются как i'о-, i'y' -, i'a- : Г'У'ДИНА (Юдиха), Г'АРОВКА (ЯРОВКА);
- в середине слов после согласных пишется -e-: С'ЕСНОКОВКА (ЧЕСНОКОВКА);

- в середине слов после мягких согласных пишется -y', -a: HAR'Y'ZHA (ХАРИОЗИХА), Y'ST'Y'MKA (УСТЮМКА), T'Y'T'Y'NOVKA (вместо TI'Y'TI'Y'NOVKA) (ТЮТЮНОВКА), M'AKONKA'A (МЯКОНЬКАЯ);

- в середине слов после гласных – i'e-, i'o-, - i'y', - i'a-:

- в конце слов написание йотированных гласных, как и в предыдущем случае с е, ё, ю, я, зависит от того, предшествует ли такой гласной гласный звук или согласный: КАЗАЧЬЯ – KAZAC'YA.

2. Мягкость согласных обозначается апострофом ('): ГОРЬКАЯ – GOR'KA'A, КРАСНЕНЬКОЕ – KRASNEN'KOE.

## **5-бөлім. ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақ тіліне өзге тілден енген ономастикалық атауларды экзоним деген терминмен белгіейді. Экзоним термині, жалпы, алыс шетел атауларына қатысты айту қалыптасқан. Орыс тілді атаулар Қазақстан жерінде көптеп кездесетіндіктен экзоним болып қабылданбайды.

Бұл проспект-жоба аясында 190 шетел мемлекет атауы, 190 астана атауы, ірі халықаралық әуежай атаулары, кейбір танымал әлемдегі ірі физика-географиялық нысана атаулары, сондай ақ, әлемдік мәдениеттегі танымал тұлғалардың аты-жөндері зерттеу нысаны ретінде алынып отыр.

Аталған экзонимдер тобының қарастыру реті мынадай: 1. кирилл графикасындағы жазуы беріледі; 2. жаңа қазақ латын графикасындағы транслитерациясы; 3. халықаралық стандартқа сай жазылуы; 4. экзонимдердің түрік, әзербайжан, өзбекжәне кейбір жағдайда еуропа тілдеріндегі салғастырмалы транслитерациясы берілді.

Көптеген ел, астана атаулары қазақ тіліне орыс тілі арқылы енгендігі белгілі. Зерттеу нәтижесінде кейбір экзонимдерге өзгеріс енгізілуі мүмкін. Жоба ретінде осы жоба шеңберінде ұсыныс айтылады.

1. Мемлекет және астана атаулары мен кейбір ірі әлемдік физика-географиялық атаулардың транслитерациясы мен аударма мәселесі.

2. Прецеденттік феноменонимдер (әлемдік мәдениеттің танымал тұлғалары есімдері)

3. Қазақстан мегаполистеріндегі латын графикасында қолданылып жүрген фирма, компания, бизнес-орталық, тұрғын үй кешен аттары, банк, фитнес-клуб, сауда орталықтары мен бутик және т.б. коммерциялық нысана атауларын жаңа апостроф латын графикасында транслитерациялау ерекшеліктері.

## 5.1 Мемлекет, астана атауларының қазақ тілінің латын әліпбиінде транслитерациялау ерекшеліктері (Н.Оңғарбай)

Ғылыми әдебиетте әр ел халықтарының өзін этнос ретіндегі таныған ат пен қатар сырттағы көршілес халықтар мен мемлекеттер берген аты болады. Өзін өзі атау үрдісі *эндоэтноним* терминімен белгіленсе, өзге халықтардың қойған атын *экзоэтноним* дейді. Халық, мемлекет атауларының халықаралық мәдени, ономастикалық кеңістікте қалыптасуының өзіндік көптеген жүзжылдық, тіптен мыңжылдық тарихы бар.

Әр елдің, мемлекеттің атауының қалыптасуының өзі жеке үлкен қызықты ғылыми мәселе. Көп жағдайда оларға сырттан қойған аттар ұнамай да жатады. Мәселен, *Қытайдың* аты еуропа өркениетінде *China* деп атау қалыптасқан, ол атау өте көне дәуірлерден келе жатқан алғашқы б.д. III ғ. Цинь император әулетінің атынан еуропалықтар тарапынан қойылған. Ал орыс тіліндегі *Китай* атауы елдің солтүстігін мекендеген кидан тайпа атынан қойылған. Қытайлықтар өздерін «хань», «ханьсу» деп атап, елін *Жуңго* деп атау қалыптасқан, яғни «Орталық патшалық», «Жердің, әлемнің кіндігінде орналасқан, аспан асты елі» дегенді білдіреді екен.

Көптеген мемлекет пен елдердің атаулары негізінен орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттен енгендігі белгілі. Олардың жазылуы мен айтылуы ТМД құрамындағы бұрынғы КССРО мемлекеттерінің тілінде көбінде орыс тіліндегі нұсқасы танымал әрі жақын болғанымен, шетел мемлекет атаулары өзге әлемге ағылшын тілі арқылы жазылуы мен айтылуы арқылы еніп отыр.

Сол сияқты қазіргі әлем картасында, мектеп оқулықтарында әрқайсымызға танымал әрі үйреншікті болып кеткен көптеген мемлекет атауларының өз атаулары мүлдем басқа екен. Мысалы, *Абхазия – Апсны, Австралия – Острэлия, Австрия – Остеррайх,*

*Албания – Шкиперия, Алжир - Альджазаир,*

*Англия – Ингланд, Армения – Хайастан,*

*Грузия – Сакартвело, Германия – Дойчланд,*

*Греция – Эллада, Дания – Данмарк,*

*Үндістан – Бхарат, Ирландия – Эйре,*

*Литва – Летува, Польша – Польшка,*

*Солтүстік Корея – Пукчосон, Тайланд – Пратхет – Тхаи,*

*Хорватия – Хрватска, Черногория – Црна гора, Чехия – Ческо,*

*Швейцария – Швайц, Швеция – Сверие,*

*Финляндия – Суоми, Эстония – Ээсти,*

*Эфиопия – Итьёппья, Оңтүстік Корея – Намхан, Жапония – Ниппон және т.б.*

Қазақ тілінде кейбір шетел мемлекеттерінің тарихи қалыптасқан атауы, жазылуы бар. Мәселен, *Германия* мемлекетінің атын *Алмания*, *Алман елі* формасында қазақ тілінде қолдану қалыптасқан. Бұл қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеу деп түсінеміз. Алайда олай емес екен. Қазақ тіліне *Алмания* атауы тектен тек еніп отырған жоқ, оның ұзақ сонар тарихы бар екен. Рейн өзенінің сағасын 2000 жыл бұрын мекендеген тайпалар өздерін «германдықтар» деп атаған, яғни «ger» («найза») және «man» сөзі «адам» дегенді білдірген. Ежелгі римдіктер де германдықтар деп атаған, ал Рейннің шығыс жағалауын герман тайпалармен қатар славян, көшпенді ғұн тайпалары мекендегеніне байланысты түгелдей «Allemagnia», яғни «әр текті халықтар мекені» деп атаған екен. Ал орыстар германдықтарды «немцы» деп тілдерін түсінбегендіктен «немой»- «мылқау елі» деп атап кеткен. Байқағанымыздай, әр елдің атауы терең тарихқа, көне этимологияға жетелейді.

Бұл жоба аясындағы басты мақсатымыз, әлемдегі танымал мемлекеттердің (шалғай елдерді есепке алмағанда) атын орыс тіліндегі формасын сол қалпында аламыз ба, әлде тіліміз латын графикасына көшкен тұста осы мәселелерді тіліміздің ыңғайна қарап, барлық елдерді болмаса да, ішінара транслитерациялаймыз ба? деген сауал туындайды. Өйткені шетел мемлекет атауларының барлығы қазақ тіліне орыс тілінен еніп, оның сөзжасамдық ерекшелігін, жалғау, қосымша, жұрнақтарына дейін иеленген. Сондықтан көптеген елдердің атауының өз тілінде халықаралық стандартқа айналған ағылшын тілінде, сондай ақ, түркі тілдеріндегі (түрік, әзербайжан, өзбек), өзге еуропалық әлем тілдеріндегі (француз, испан) жазуын саралай отырып, қандай да бір нұсқасы қазақ тіліне жақын келе ме деген ой келеді. Төмендегі мемлекет атауларының кестесіне назар аударсақ, түркі тілдеріндегі, еуропа тілдеріндегі транслитерациясының қайсы қазақ тіліндегі апостроф графикалы латын әліпбиімізге жақын, соны қай тілдегі транслитерация нақтырақ береді? Әлбетте түркі тілдеріндегі жазу, транслитерация жақынырақ көрінеді.

Кирилше қазақ/орыс тілдеріндегі жазуы	Қазақ тілінде апостроф латын	Халықаралық стандарт Ағылшын тілдегі	Түрік, өзбек, әзірбайжан тілдерінде (латын)	Испан тілінде	Француз тілінде
Нидерланд	Ni'derland	Netherlands	Hollanda (түрік), Gollandiya(өзбек), Hollandiya(әзірбайжан)	Países Bajos	Pays-Bas
Грекия	Greki'i'a	Greece	Yunanistan (түрік), Gretsia(өзбек), Yunanistan(әзірбайжан)	Grecia	Greece
Германия	Germani'i'a	Germany	Almanya (түрік), Germaniya(өзбек), Almaniya(әзірбайжан)	Alemania	Allemagne
Швейцария	S'veitsari'i'a	Switzerland	İsviçre (түрік), Shveysariya (өзбек),	Suiza	Suisse

			İsveçrə (əзірбайжан)		
Бельгия	Belgi'i'a	Belgium	Belçika (түрік), Belgiya (өзбек), Belçika (əзірбайжан)	Bélgica	Belgique
Мажарстан	Majarstan	Hungary	Macaristan (түрік), Vengriya (өзбек), Macaristan (əзірбайжан)	Hungría	Hungary
Польша	Pols'a	Poland	Polonya (түрік), Polsha (өзбек), Polşa (əзірбайжан)	Polonia	Pologne
Литва	Li'tva	Lithuania	Litvanya (түрік), Litva (өзбек), Litva (əзірбайжан)	Lituania	Lituanie
Ирландия	I'rlandi'i'a	Ireland	İrlanda (түрік), Irlandiya (өзбек), İrlandiya (əзірбайжан)	Irlanda	Irlande
Хорватия	Horvati'i'a	Croatia	Hırvatistan (түрік), Xorvatiya (өзбек), Xorvatiya (əзірбайжан)	Croacia	Croatie
Дания	Dani'i'a	Denmark	Danimarka (түрік), Daniya (өзбек), Danimarka (əзірбайжан)	Dinamarca	Danemark
Ұлыбритания	Ulybri'tani'i'a	Great Britain	<b>Büyük Britanya (түрік), Buyuk Britaniya (өзбек), (əзірбайжан) Böyük Britaniya (əзірбайжан)</b>	Reino Unido	Royaume-Uni
Ресей	Resei'	Russia	Rusya (түрік), Rossiya (өзбек), Rusiya (əзірбайжан)	Rusia	Russie
Норвегия	Norvegi'i'a	Norway	Norveç (түрік), Norvegiya (өзбек), Norveç (əзірбайжан)	Noruega	Norvège
Франция	Fransi'i'a	France	Fransa (түрік), Frantsiya (өзбек), Fransa (əзірбайжан)	Francia	France
Исландия	I'slandi'i'a	Iceland	İzlanda (түрік), Islandiya (өзбек), <b>Islandiya (əзірбайжан)</b>	Islandia	Islande
Латвия	Latvi'i'a	Latvia	Letonya (түрік), Latviya (өзбек), Latviya (əзірбайжан)	Letonia	Lettonie
Италия	I'tali'i'a	Italy	İtalya (түрік), Italiya (өзбек), İtaliya (əзірбайжан)	Italia	Italie
Болгария	Bolgari'i'a	Bulgaria	Bulgaristan (түрік), Bolgariya (өзбек), Bolqarıstan (əзірбайжан)	Bulgaria	Bulgarie
Швеция	S'vetsi'i'a	Sweden	İsveç (түрік), Shvetsiya (өзбек), İsveç (əзірбайжан)	Suecia	Suède
Черногория	C'ernogori'i'a	Montenegro	Karadağ (түрік), Chernogoriya (өзбек),	Montenegro	Monténégro



			Çernoqoriya(әзірбайжан)		
Иордания	İ'ordani'i'a	Jordan	Ürdün(түрік), İordaniya(өзбек), İordaniya(әзірбайжан)	Jordán	Jordan
Түркия	Ty'rki'i'a	Turkey	Türkiye(түрік), <b>Turkiya (өзбек),</b> Türkiya(әзірбайжан)	Turquía	Turquie
Қазақстан	Qazaqstan	Kazakhstan	Kazakistan(түрік), Qozog'iston(өзбек), Qazaxıstan(әзірбайжан)	Kazakhstan	Kazakhstan
Сирия	Si'ri'i'a	Syria	Suriye(түрік), Suriya(өзбек), Suriya(әзірбайжан)	Siria	Syrie
Кипр	Ki'pr	Cyprus	Kıbrıs(түрік), Kıpr(өзбек), Kıpr(әзірбайжан)	Chipre	Chypre
Қытай	Qytai'	China	Çin(түрік), Xitoy(өзбек), Çin(әзірбайжан)	China	Chine
Грузия	Gry'zi'i'a	Georgia	Gürcistan(түрік), Gruziya(өзбек), Gürcüstan(әзірбайжан)	Georgia	Géorgie
Моңғолия	Mon'g'oli'i'a	Mongolia	Moğolistan(түрік), Mo'g'uliston), (өзбек), Monqolustan(әзірбайжан)	Mongolia	Mongolie
Кувейт	Ky'vei't	Kuwait	Kuwait( түрік), Quvayt(өзбек), Küveyt(әзірбайжан)	Kuwait	Kuwait
Сауд Арабиясы	Say'd Arabi'i'asy	Saudi Arabia	Suudi Arabistan( түрік), Saudiya Arabistoni(өзбек), Səudiyyə Ərəbistanı(әзірбайжан)	Arabia Saudita	Arabie Saoudite
Палестина	Palesti'na	Palestine	Filistin( түрік), Falastin(өзбек), Fələstin(әзірбайжан)	Palestina	Palestine
Мысыр	Mysyr	Egypt	Mısır(түрік), Misr(өзбек), Misir(әзірбайжан)	Egipto	Egypte
Чили	C'i'li'	Chile	Şili(түрік), Chili(өзбек), Çili(әзірбайжан)	Chile	Chili

Мәселен, *Швеция, Финляндия* атаулары орыс тіліне ағылшын тілінен енген, сондықтан кейбір жағдайда, ауызекі сөйлеу, публицистика тілінде *Швед елі, Фин* елі сынды қазақы нұсқада айтқан дұрыс сияқты. Бұл осы жоба аясында ұсыныс ретінде келтіреміз.

Жалпы экзонимдік атауларды жаңа латын әліпбиінің негізінде қазақ тілінде транслитерациялауда бірізділік қажет. Латын графикасына

көшкен өзге тілдердің тәжірибесін қарастыру маңызды болғандықтан мемлекет және астана атаулары латын әліпбиімен қазақ тілінде, түрік, өзбек, әзірбайжан, кейбір жағдайларда өзге еуропа тілдерінде салыстырылып көрсетіледі. Мемлекет атаулары көп жағдайда қазақ тіліне орыс тілі арқылы енгендігі белгілі. Сондықтан экзонимдік атауларды қайтадан қазақша таңбалауда түпнұсқаға барынша жақын тұлғада транслитерациялау—ұлттық ономастиканың алдында тұрған күрделі ғылыми-практикалық мәселелердің бірі.

Шетел мемлекет атауларының бір тобын тарихи тұрғыдан қазақ тілінде қалыптасып кеткен атаулар құрайды, олар: *Венгрия - Мажарстан, Россия - Ресей, Индия - Үндістан, Пакистан - Пәкістан, Афганистан - Ауғанстан, Москва - Мәскеу, Япония - Жапония, Египет-Мысыр, Грузия - Гүржістан, Германия - Алмания, Пекин - Бейжің, Китай - Қытай, Азербайджан - Әзербайжан, Великобритания - Ұлыбритания* т.т. Экзонимдердің графикасын түсіруде орыс алфавитінің септігі мол, алайда латын әліпбиіне көшкенде, яғни жаңа латын әліпбиде орыс тілінің заңдылықтарына қарай жазылған экзонимдердегі қазақ тіліне жат **ц,ю,я,э,ь,ъ** сынды кірме дыбыстар мен әріптер алдағы уақытта қолданылмайды. Сондықтан кейбір экзонимдерге өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендей, халықаралық ономастикалық кеңістікте орыс тілінің **ия** қосымшасымен келетін көптеген шетел мемлекет атаулары бар. Төмендегі кестеде біз **ия** қосымшасымен келетін кейбір елдердің кирил графикалы қазақ тілінде қалыптасқан нұсқасын, қазіргі апостроф латын графикасындағы нұсқасын және халықаралық стандарт бойынша ағылшын графикасына сай транслитерациясын беріп отырмыз.

Кирилше	Қазақ тілінде апостроф	Халықаралық стандартта(ағылшын тілінде)
Грекия	Greki'i'a	Greece
Германия	Germani'i'a	Germany
Швейцария	S'veitsari'i'a	Switzerland
Словакия	Slovaki'i'a	Slovakia
Бельгия	Belgi'i'a	Belgium
Румыния	Ry'myni'i'a	Romania
Австрия	Ay'stri'i'a	Austria
Ирландия	I'rlandi'i'a	Ireland
Хорватия	Horvati'i'a	Croatia
Дания	Dani'i'a	Denmark
Португалия	Porty'gali'i'a	Portugal
Ұлыбритания	Ulybri'tani'i'a	United Kingdom

Словения	Sloveni'i'a	Slovenia
Испания	I'spani'i'a	Spain
Норвегия	Norvegi'i'a	Norway
Франция	Fransi'i'a	France
Чехия	C'ehi'i'a	Czech Republic
Исландия	I'slandi'i'a	Íceland
Латвия	Latvi'i'a	Latvia
Италия	I'tali'i'a	Italy
Македония	Makedoni'i'a	Macedonia
Болгария	Bolgari'i'a	Bulgaria
Швеция	S'vetsi'i'a	Sweden
Эстония	Estoni'i'a	Estonia
Албания	Albani'i'a	Albania
Финляндия	Fi'nli'andi'i'a	Finland
Черногория	C'ernogori'i'a	Montenegro
Иордания	I'ordani'i'a	Jordan
Сирия	Si'ri'i'a	Syria
Индонезия	I'ndonezi'i'a	Indonesia
Армения	Armeni'i'a	Armenia
Малайзия	Malai'zi'i'a	Malaysia
Солт. Корея	Solt. Korei'a	Korea, D.P.R.
Корея	Korei'a	Korea
Республикасы	Respy'bli'kasy	
Грузия	Gry'zi'i'a	Georgia
Моңғолия	Mon'g'oli'i'a	Mongolia
Жапония	Japoni'i'a	Japan
Нигерия	Ni'geri'i'a	Nigeria
Эфиопия	Efi'opi'a	Ethiopia
Эритрея	Eri'trei'a	Eritrea
Гамбия	Gambi'a	Gambia
Гвинея-Бисау	Gvi'nei'a- Bi'say'	Guinea-Bissau
Либерия	Li'beri'i'a	Liberia
Мавритания	Mavri'tani'i'a	Mauritania
Ливия	Li'vi'i'a	Libya
Колумбия	Koly'mbi'i'a	Colombia
Бразилия	Brazi'li'i'a	Brazil
Боливия	Boli'vi'i'a	Bolivia
Аустралия	Ay'strali'i'a	Australia
Микронезия	Mi'kronezi'i'a	Micronesia
Папуа — Жаңа Гвинея	Papy'a     jan'a Gvi'nei'a	Papua New Guinea

Бұл қосымшаның семантикасы түркі, парсы тілдеріндегі *стан* қосымшасының баламасы ретінде қандай да бір ел, мемлекет (страна, государство) дегенді білдіреді. Мысалы, *Қазақстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Қырғызстан* т.б. мемлекет атауларындағы *стан* Аталған мемлекет атауларының арасында түрік, эзербайжан, өзбек тілдерінің айтылу заңына бейімдеп, өзгертіп қабылдағандары да кездеседі.

Осыған орай мынадай сауал туындайды, келешек латын жазуымызда бұрынғы орыстілді жазу/айту нұсқасын толығымен сақтаймыз ба, жоқ кейбіреуін түбіріне қарай өзге түркі тілдеріндегідей тілімізге икемдеп жазамыз ба? Бұл мәселе болашақты үлесіндегі назар аударатын, ғылыми саралауды, қоғамдық ой-пікірлерді ескеретін мәселе.

Мәселен: Швейцария экзонимі жаңа латын әліпбиінде транслитерациялағанда *S'veitsari'i'a* болады екен, кең тараған халықаралық стандартта –*Sweden* деп жазылады. Ал осы атаудың түрік тілінде *İsviçre*, өзбек тілінде орыс тілді негіз сақталып – *Shveytsariya* және әзербайжан тілінде *İsveçrə* деген жергілікті жазу мен айтылу, латын графикасында транслитерациялау әдеби қалыптасқан екен. Қазақ тілінде латын әліпбиімен *Швейцария* - *S'veitsari'i'a*, түрік тілінде - *İsviçre*, өзбек тілінде - *Shveytsariya*, әзербайжан тілінде - *İsveçrə*, ал халықаралық стандарт бойынша – *Switzerland* тұлғасында транслитерацияланады. *Швеция* қазақ тілінде-- *S'vetsi'i'a*, түрік тілінде - *İsveç*, өзбек тілінде - *Shvetsiya*, әзербайжан тілінде—*İsveç*, халықаралық стандартта –*Sweden* формасы кең тараған.

Сондай ақ, жоғарыдағы кестеде апострофнегізді әліпбидегі салыстырмалы орфограммалар кирил, өзге латын графикасындағы әліпбилерден әріп саны анағұрлым артып тұрғанын көруге болады. Үйреншікті халықаралық атаудың визуалды-графикалық сәйкесімділігі, сөздің тұрқы бұзылып тұрғанын, жасандылығы анық байқауға болады.

Ендігі жерде жаңа қазақ латын әліпбиінде транслитерациялауда мемлекет атауларының ортасында кездесетін орыс тілінен енген Ц әрпі TS, Я әрпі GA таңбасымен беріледі. Осыған орай аталмыш дыбыстар мен графемалардың сөздің/ономастикалық атаудың басында, ортасында, аяғында орналасуына байланысты орфографиялық ереже баптарын жасау керек, сынамадан өткізу қажет.

Әлем астана атауларының салыстырмалы транслитерациясын қазақ тілі көшейін деп отырған жаңа латын графикасына салып көрдік. Нәтижесінде бір дыбыс-бір әріп принципінің дұрыс екендігіне тағы көз жеткіздік. Себебі әлем үйренген жазуды апостроф негізіндегі әліпби күрделендіріп жібергендігін көреміз. Мәселен, *Вильнюс*, *Кишинев*, *София* сынды астана аттары ағылшын, түрік, әзербайжан, өзбек, француз тілдерінде ықшамды, әрі көзшалымға қолайлы траслитерацияда берілген: *Vilnius* «ағылш.), *Vilnius* (түрік), *Vilnius* (өзбек), *Vilnius* (әзерб.), *Vilnius* (франц.). Ал қазақ тілінің латын графикасында *Vi'lni'i'y's* формасында транслитерацияланады екен, барлығы 12 таңба. Бұл жерде әзербайжан тілінде 5 таңба, қалған тілдерде 6 графема арқылы берілген, яғни апострофты графика арқасында атау екі есеге артып кеткендігін көреміз. Сондай ақ, үйреншікті халықаралық жер-су атауларында, астана, мегаполис атауларында апострофты латын графикасында сөз 1,2,3,4 әріпке ұзарып отырады. Төмендегі кестеден мұны анық байқауға болады.

кирил	Қазак тілінде апостроф латын	Халықаралық стандарт ағылшын	Түрік, өзбек, азербайжан тілдерінде (латын)	Француз тілінде
Брюссель	Bri'wssel	Brussels	Brüksel (түрік), Bryussel (өзбек), Brüssel (әзірбайжан)	Bruxelles
Будапешт	Bu'dapes't	Budapest	Budapeşte (түрік), Buharestda (өзбек), Budapeşt (әзірбайжан)	Budapest
Бухарест	Bu'harest	Bucharest	Bükreş (түрік), Bukrash (өзбек), Bükreş (әзірбайжан)	Bucarest
Вильнюс	Vi'lni'i'y's	Vilnius	Vilnius (түрік), Vilnius (өзбек), Vilnüs (әзірбайжан)	Vilnius
Кишинев	Ki's'İ'nev	Kishinev	Kishinev (түрік), (өзбек), (әзірбайжан)	Kishinev
Лиссабон	Li'ssabon	Lisbon	Lizbon (түрік), Lissabon (өзбек), Lissabon (әзірбайжан)	Lisbonne
Мәскеу	Ma'skey'	Moscow	Moskova (түрік), Moskva (өзбек), Moskva (әзірбайжан)	Moscou
Париж	Pari'j	Paris	Paris (түрік), Parijda (өзбек), Paris (әзірбайжан)	Paris
Рейкьявик	Rei'ki'avi'k	Reykjavik	Reykjavik (түрік), Reykjavik (өзбек), Reykjavik (әзірбайжан)	Reykjavi k
Рига	Ri'ga	Riga	Riga (түрік), Riga (өзбек), Riqa (әзірбайжан)	Riga
Рим	Ri'm	Rome	Roma (түрік), Rim (өзбек), Roma (әзірбайжан)	Rome
София	Sofi'i'a	Sofia	Sofya (түрік), Osiyoda (өзбек), Sofiya (әзірбайжан)	Sofia
Люксембург	Li'y'ksemb y'rg	Luxembourg	Lüksemburg (түрік), Lyuksemburg (өзбек), Lüksemburq (әзірбайжан)	Luxembo urg
Бейрут	Bei'ry't	Beirut	Beirut (түрік), Beirut (өзбек), Beirut (әзірбайжан)	Beyrouth
Бішкек	Bi's'kek	Bishkek	Bishkek (түрік), Bishkek (өзбек), Bişkek (әзірбайжан)	Bichkek
Вьентьян	Venti'i'an	Vientiane	Vientiane (түрік), Vientiane (өзбек),	Vientian e

			Vientiane (әзірбайжан)	
Куала-Лумпур	Ku'ala-Ly'mpy'r	Kuala Lumpur	Kuala Lumpur (түрік), Kuala Lumpur (өзбек), Kuala Lumpur (әзірбайжан)	Kuala Lumpur
Вашингтон	Vas'ington	Washington	Washington (түрік), Vashington (өзбек), Vaşington (әзірбайжан)	Washington

Ерекше назар аударатын экзонимдік топтардың бірі дүниежүзіне танымал ірі мегаполис атаулары. Олардың ағылшынша транслитерациясы өзге әлемдік тілдер үшін халықаралық стандарт - үлгі ретінде қабылданады. Мысалы, **Нью-Йорк//New-York** біздің жаңа латын әліпбиінде **Ni'y`- Gork** деп транслитерацияланады екен, сөйтіп танымал халықаралық стандарттың ізі де қалмайды екен. Бұл жайт танымал атаудың қалыптасқан халықаралық визуалды-графикалық бейнесі мен идентификациясын бұзып тұр. Сондықтан осы және осы типтес *Лос-Анджелес - Los Angeles, Париж - Paris, Рим – Rome, Испания – Spain* т.б. сынды басқа да көптеген атаулардың қалыптасқан халықаралық стандартта қалдыру немесе орыс тіліндегі нұсқасын сақтау жөніндегі болашақ ережеде арнайы ескертпелер қажет. *Лос-Анджелес - Los Angeles, Париж - Paris, Рим – Rome, Испания – Spain.*

Тағы бір экзонимдік атаулардың ержеге қатысты тұсы – аударма, калькалау мәселесі. Мысалы, *Черногория* атауы халықаралық стандарт бойынша және көптеген негізгі еуропа тілдерінде «француз, испан, итальян, фин, дат тілдеріне негізінен азды-кемді ауытқумен *Montenegro* деп бірізді транслитерацияланады екен. Ал босния, хорват тілдерінде *Crna Gora*, түрік тіліне калька жолымен тікелей аударылған *Karadağ* деп аударылғанын көреміз, ол қазақ тіліндегі *Қаратау*. Осы сынды атауларды біз өз тілімізге бейімдеп аударамыз ба, әлде орыс тілінде қалыптасқан стандартпен қала бере ме? Қазақ тіліне *Қаратау* деп калькаласақ оның мекенжайлық сәйкесімділігі бұзылады дейміз, алайда түрік тілі ешкімге алаңдамай өздерінің тілдеріне икемдеп аударып алған, яғни халықаралық стандартқа жалтақтамай өз ішінде осылай шешкен. Осы қазақ тілі үшін үлгі бола ала ма? Сондықтан, алдағы жылдардағы келешек зерттеулерде осы мәселеге баса назар аударып, кейбір шетел атауларына қатысты өзіміздің тілге икемдеу жағын қарастыру керек. Дүниежүзілік саяси карта, атластардағы шетел мемлекет, астана, мегаполис, өзге ірі физика-географиялық нысана атауларды жаңа қазақ латын әліпбиінде транслитерациялаудың көптеген принциптерін жан-жақты дәйектейтін арнайы емле-ереже әзірленуі тиіс.

## 5.2 Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде прецедентті есімдерді қалай таңбалаймыз (шетел антропонимдері негізінде)?

(А.Серікбаева)

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру реформасы қоғамның бүкіл саласын тұтастай қамтиды: жазу-сызуды күнделікті өмірде қоғам мүшелерінің барлығы пайдаланады, хат-хабар, ақпараттарды жазу-сызу арқылы алып отыр.

2017 ж. қыркүйек айында Парламент тыңдауына диграфты әліпби жобасы ұсынылды. Диграфты әліпби жобасы халыққа қолайсыз болды, халық көп сынады. Біріншіден, *ә-ae, ө-oe, ү-ue, ж-zh, ш-sh* деп беру «бір дыбыс – бір әріп» принципіне сай емес. Екіншіден, диграфтар мәтінді ұзартып жібереді. Жалғамалы тілдер типіне жататын қазақ тілі үшін диграф тиімсіз.

Диграфты әліпби жобасы қатты сыналғандықтан, қазан айында Парламенттік талқылауға апострофты әліпби жобасы ұсынылды. Апостроф – ағылшын тілінде дауысты дыбыстың түсіп қалғанын білдіретін таңба. Ағылшын тілінде апостроф көп қолданылмайды, ағылшынша мәтінде көп қолданылмағандықтан көзге ерсі көрінбейді.

Апострофты қазақ жазуы тарихында қазақ жазуы латын графикасына көшкен 1929 жылдан кейін, 1934 жылы 14 маусымда «Социалды Қазақстан» газетінде жариялаған С.Аманжоловтың «Әліппе мен емледегі жаңалықтар жобасы» атты мақаласында ұсынған [1]. Әліпби жобасына арналған аталмыш мақалада «§1. Апостроф жазылатын, жазылмайтын жері» туралы жобаның 1-тарауында жазған: «1) Бұрынғы *ә, ө, і, у* әріптерінің орнына сөздердің бас буынын, немесе бір буынды сөздерді жіңішкерту үшін сөз алдынан апостроф (') қойылады. Мысалы. *Al – 'al (әl), ot - 'ot (өt), ыs – 'ыs (іs), un - 'un (yñ), 'быr (bir), 'кун (kyn), 'кон (kөн), 'көр (көр)*. Егерде соңғы буындардағы дауысты дыбыстар қысаң болып келсе, апострофтың күші бір буыннан асып, бірнеше буынға да жетеді. Мысалы: *'тырлк (tirlik), 'kyzgi (kyzgi), 'yстыңгь (ystyñgi), 'ујымдъ (yjimdi), псь (biginci)* т.т.» деген. Яғни С. Аманжолов өз жобасында апострофты сөздерді жіңішкерту үшін сөз басында бір рет қана қолдануды ұсынған. Бұл жоба қабылданбады. Қазіргі әліпбиде апостроф қазақ тіліндегі төл дыбыстарымен бірге *и, й, ш, ч, у* әріптерін таңбалауда қолданады.

Қазақ тілінде *ә, і, ө, ү, у, ғ, ң, ш* әріптеріне апостроф қою мүлдем тиімсіз. Аталған әріптер қазақ тілінде көп кездесетіндіктен, мәтінде бірнеше апострофтың болуы ыңғайсыздық тудырады. Сонымен қатар /ә/ әрпін жазу үшін *а-ны* жазып жоғарғы оң жағына апострофты қоямыз, яғни екі символды (таңбаны) жазамыз. Екі таңба жазылғандықтан, бұл да диграфты жобаның басқаша көрініс тапқан түрі болып шығады. Бір әріпті жазу үшін екі таңбаны біріктіру арқылы жазылатын бұл жоба да мәтінді ұзартады, оқуға ыңғайсыздық тудырады.

Біріншіден, аталған дыбыстарды апострофпен беру диграфты нұсқаның апострофтанған интерпретациясы болып шығады. Яғни *ә, ө, ү, ы, ғ, ң, ш* дыбыстарын жазу үшін екі таңбаны белгілейміз. Бұл да диграфты жазумен бірдей.

Екіншіден, мәтінді екі есеге ұлғайтады. Компьютер апострофты жеке таңба ретінде таниды, тұтас сөздің компоненті ретінде қабылдамайды.

Үшіншіден, апострофты теріп отыру қолайсыздық тудырады.

Төртіншіден, көзшалымға өте ауыр.

Бесіншіден, Қазақстанда зағип жандар Л.Брайльдың нүктелі шрифін қазақ тілінде де қолданады. Қазақ тіліндегі Л.Брайльдың нүктелі шрифіне тағы бір нүкте қосылады, нүктелер санын көбейтеді. Тифлолог педагогтердің айтуы бойынша, апостроф мәтінді біршама ұзартады, Л.Брайль нүктелі шрифінде апострофтар нүктелі шрифіннің бірыңғайлығын бұзады.

Бұл әліпби көзшалымға ауыр болғандықтан, қоғамды екіге бөледі: қазақтілді қоғам және орыстілді қоғам. Қазақтілді ата-аналар баламыз қиналмасын деп орыс мектебіне береді. Қазақ тілінде 90-жылдардағыдай тек ауыл балалары ғана оқиды. Қазақтілділер саны азаяды. Қазіргі таңда ағылшын тілін балабақшадан бастап оқушылар 1-сыныптан 9-сыныпқа дейін, әрі қарай 10-11-сыныптарда жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқитын болғандықтан, ағылшын әліпбиін балабақшадан таныған баланың санасында шатасу пайда болады. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі мен ағылшын әліпбиін кішкентай бүлдіршін қатар алып жүре алмайды. Екі тілдің әріптерін шатастыра бастайды. Осы жайттың салдарынан апострофтың көлеңкесінде қалған қазақтың төл дыбыстары уақыт өте келе қолданыстан шығып қалу қаупі бар.

Бұл әліпбидің жалпы кемшіліктері. Мұнан басқа оқушылардан бастап студент, мұғалім, әртүрлі сала қызметкерлері болсын, шетелге шығатын кез келген азаматтар болсын – бәрі де жеке өмірінде прецедентті есімдермен байланысты мәселелер де бар. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі тек қазақ тіліне қатысты болып көрінгенімен, түптеп келгенде орыс тілі арқылы енген шетелдік антропонимдерді таңбалаудың тілдік қиыншылықтары шығып жатыр. Қазақ тіліндегі мәтінде кез келген шетелдік, соның ішінде орыс антопонимдерін де латын әліпбиінде таңбалаймыз. Мұнда шетелдік антропонимдерді қазақ графикасына транслитерациялау мәселесі туындап отыр. Транслитерациялауда қиыншылық тудырып отырған жайт – ол қазақ графикасында таңбаланатын антропонимдердің бастапқы таңбалануы бір графикада – латын графикасында болуы, яғни бір тілден екінші тілге транслитерациялау барысында латын графикасынан қайта латын графикасына атаулар ауыстырылып отырады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде таңбаланған прецеденттік есімдер апострофтың арқасында бастапқы бейнесінен алшақтап, апострофты бейнеге өтеді. Мысалы, *Уильям Шекспир* қазақ әліпбиінде *Y'i'li'am S'ekspi'r*, ағылшын тілінде *William Shakespeare* болып таңбаланады. Кирил әліпбиінде жалпы 12 таңба болса, қазақ әліпбиінде 18 таңба, оның 5-еуі апостроф таңбасы. *Вольфганг Амадей Моцарт* қазақ тіліне *qazlatyn.kz* Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің конвертері *Volfgang Amadei' Mosart* деп шығарды. Жаңа әліпби бойынша крилдегі *c* – *s* болып таңбаланады. Аталмыш конвертерде *Mosart* болып таңбаланған атаудың транскрипциясы қазақ тілінде *Mocart* болып



оқылады, айтылады. Ал ағылшын, испан, француз, өзбек, түрік тілдерінде *Wolfgang Amadeus Mozart* ретінде таңбаланған. *Mozart*-тың ағылшын тіліндегі транскрипциясы [məʊtsɑ:t]. Жаңа әліпбиде аталған есімді *Motsart* деп таңбалауға болады. Конвертер *Mosart* деп таңбалау себебі, онда қазақ тілінің емле ережелері енгізілмеген, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің емлесі енді жасалады.

Ал *Марк Цукербергтегі Цукербергін* қалай таңбалаймыз? *Sy'kerberg* деп қалдырамыз ба әлде *Tsy'kerberg* деп таңбалаймыз ба? Әлде ағылшын тіліндегідей *Zuckerberg* дегенді таңдаймыз ба? Бұл мәселе әлі талқылауды, талдауды қажет етді.

*Говард Шульц* антропонимі латын графикасында *Govard S'y'ls*, ағылшын тілінде *Howard Schultz* ретінде таңбаланады. *Howard* транскрипциясы [həvəd], *Schultz* – ағылшын тілінде [Shultz], чех тілінде [Šulc] ретінде танскрипцияланады. Қазақ тілінде *Гоуард* - *Go u'ard* деп, ал *Шульцты* чех тілінің негізінде *Шулс* - *S'y'ls* деп алған жөн.

Ағылшын тіліндегі *w* бар сөздер орыс тілі арқылы қазақ тіліне еніп, қазақ тілінде *в* әрпімен таңбаланып келді. Ағылшын тіліндегі *w* әрпін қазақ тілінде *в*-мен таңбаламай, *у* әрпімен берген дұрыс: *у*-ды айтқанда *в*-ны айтқандағыдай артикуляциялық аппаратқа күш көп жұмсалмайды.

Кирил әліпбиінде	Ағылшын тілінде	Жаңа әліпбиде	Ұсыныс
Стивен Вебстер	Steven Webster	Sti'ven Vebster	Стивен Уебстер Sti'ven U'ebster
Вернер Гейзенберг	Werner Heisenberg	Verner Gei'zenberg	Вернер Гейзенберг U'erner Gei'zenberg
Эдвард Дженнер	Edward Jenner	Edvard Djenner	Едуард Женнер Edy'ard Jenner
Эрвин Шрёдингер	Erwin Schrödinger	Ervi'n S'ri'odi'nger	Еруин Шредингер Ery'i'n S'redi'nger
Готфрид Вильгельм Лейбниц	Gottfried Wilhelm von Leibniz	Gotfri'd Vi'lgelm Lei'bni's	Готфрид Уильгельм Лейбниц Gotfri'd Y'i'lgelm Lei'bni'z
Джордж Вашингтон	George Washington	Djordj Vas'i'ngton	Жорж Уашингтон Jorj Y'as'i'ngton
Ганс Вильсдорф	Hans Wilsdorf	Gans Vi'lsdorf	Ганс Уилсдорф Gans Y'i'lsdorf

*Юлиус Михаэль* жаңа әліпбиде *I'y'li'y's Mi'hael* ретінде таңбаланады. *Юлиус* крилде 5 таңба болса, қазақтың жаңа әліпбиінде 10 таңба, яғни таңбаны саны екі есе артқан. Бұл есім ағылшын тілінде *Julius Michael* болып таңбаланады. *Michael* ағылшын тілінде *Майкл* болып айтылатын кездері де бар, мысалы, *Майкл Джексонның* аты ағылшын тілінде *Michael Jackson*, *Майкл Корс* - *Michael Kors* болып таңбаланады.

*XIV Людовик* қазіргі латын графикасында *XIV Li'y'dovi'k* жалпы саны 11 таңбамен, оның ішінде 3 апострофпен таңбаланады, ағылшын тілінде *Louis* деп таңбаланады. Қазақ тілі үшін 11 таңбамен таңбаланады *Li'y'dovi'k* -ті алғанша, 6 латын графикасында символдан тұратын ағылшын тіліндегі түпнұсқадағы *Луис* - *Ly'i's-mi* алған үнемді. Дегенмен жалпы тарихта, мектепте оқытылатын тарих пәні бойынша мектеп оқулықтарында *XIV Людовик* есімін *Луис* деп ауыстыру қиын. Кирил арқылы *XIV Людовик* болып қалыптасып кеткен атауды ауыстыру ұзақ уақытты алуы мүмкін. Тарихи кітаптардағы *Людовик* пен жаңа әліпбимен таңбаланған *Луис* екі түрлі тұлға болып көрінуі мүмкін.

*Мартин Лютер Кинг* қазақ латын графикасы бойынша *Marti'n Li'y'ter Ki'ng* ретінде, ағылшын тілінде *Martin Luther King* таңбаланады. Мұнда дау тудыратын *Лютер* - *Li'y'ter* сөзі. *Luther* ағылшын тіліндегі транскрипциясы [lu:θə]. Қазақ тілі үшін ю-дың орнына *Лутер* - *Ly'ter* деп алған ыңғайлы.

*VIII Генрих* ағылшын тілінде *Henry VIII* деп жазылады, ал қазақ латынша графикада *VIII Genri'h* ретінде таңбаланады. Бізге ағылшын тіліндегі түпнұсқадай *Генри* - *Genri'* деп алған тиімді.

Орыс тіліне транслитерациялану арқылы енген **Ж** әрпімен басталатын антропонимдерді орыс тіліндегідей *Джс* деп алмай **Ж** – **Ж** деп алған жөн.

Кирил әліпбиінде	Ағылшын тілінде	Жаңа әліпбиде	Ұсыныс
Джозеф Смит	Joseph Smith	Djozef Smi't	Жозеф Смит Jozef Smi't
Стив Джобс	Steve Jobs	Sti'v Djobs	Стив Жобс Sti'v Jobs
Джон Локк	John Locke	Djon Lokk	Жон Локк Jon Lokk
Джеймс Максвелл	James Maxwell	Djei'ms Maksvell	Жеймс Максуел Jei'ms Maksy'ell
Томас Джонстон Липтон	Thomas Johnstone Lipton	Tomas Djonston Li'pton	Томас Жонстон Липтон Tomas Jonston Li'pton
Джорджо Армани	Giorgio Armani	Djordjo Armani'	Жоржо Армани Jorjo Armani'
Джанни Версаче	Gianny Versace	Djanni' Versac'e	Жанин Версач Janni' Versac'

Ағылшын тілінде апострофпен берілген есімді қазақ тілінде қалай таңбаланады деген мәселе дау тудырады. Мысалы, *Жанна д'Арк* есімінде апостроф бар, яғни д әрпінен кейін е әрпінің түсіп қалғанын білдіріп тұр.

Осыны латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде дәл осылай береміз бе? Бұл есім француз тілінде *Juana de Arco*, ағылшын тілінде *Joan of Arc*, қазақ латынша графикада *Janna d'Ark* ретінде таңбаланады, *d'* француз тілінде текжасаушы *de* приставкасының қысқартылған түрі. Француз тілінен аударғанда *Арктің Жаннасы* дегенді білдіреді. Ал *Джерард О'Ниллды* қалай таңбалаймыз? Ағылшын тілінде *Gerard O'Neill* деп жазылады, ал *qazlatyn.kz* конвертер *Djerard O'Ni'll* деп таңбалап береді. Онда *O'Ni'll* латын графикасына негізделген әліпби бойынша *ӨНилл* болып оқылады. *Janna d'Ark*-ты қазақтың антропонимдік жүйесіндегі екі жүйелік мүше негізінде (тегі, аты) *Ark Janna* ретінде таңбалауға болады. Ал *Джерард О'Ниллды Жерерд Онилл* ретінде таңбаласақ, *O'Neill* кісі есімімен қатар бренд атауы да кездеседі. Мұндай жағдайда бренд атауларын бастапқы нұсқасында қалдырамыз ба әлде өз тіліміздің графикасына телеміз бе деген мәселе туындайды.

